



АЛМАТЫ –
ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

11



12+

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

«ЖАСЫЛ АУЛА» БАҒДАРЛАМАСЫ:

Әрбір тұрғын қаланың көгалдануына үлес қосуы тиіс.
Маңыздысы – тек ағаш отырғызу ғана емес, оған күтім жасау



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру бойынша кеңес өтті.

Қала күніне орай өткен сенбілікке 6 мың тұрғын және 178 техника жұмылдырылып, 1,5 мың текше метр қоқыс шығарылды. Қоқысты бөлек жинау жүйесі жолға қойылды: әкімдік жанындағы жобалық кеңсе аясында қалаға 65 фандомат орнатылды. Олардың көмегімен 176 мың пластик бөтелке және 45 мың алюминий банка жиналды. Жиналған қаражат «Аралды құтқару» қорына аударылды. «Мейірімді қақпақша» акциясына 216 мектеп пен 194 балабақша қатысып, барлығы 1,26 миллион қақпақ тапсырды.

«Жасыл аула» бағдарламасы жалғасуда. Көктемде тұрғындарға 1,3 мың көшет берілді, қазір аулаларға ағаш алуға өтініш қабылдаудың жаңа кезеңі басталды. Қала аудандарында ауқымды жұмыс атқарылуда. Әуезов ауданында 971 аулаға қызмет көрсетіліп, 35 мың ағаш санитарлық мақсатта кесілді, сондай-ақ 2025 жылы 28 жаңа техника алынған. Түркісіб ауданында 486 көше тазартылып, үш ауысымды кесте енгізілді, 57 қоқыс орнына камера орнатылды. 2025 жылы

сквер, ойын алаңы және автосуару бойынша 32 жоба жүзеге асырылды.

Шаһар басшысы ең бастысы – акцияға қатысу ғана емес, отырғызылған көшеттерге күтім жасап, өсімдіктің ерекшелігін ескеру екенін ерекше атап өтті. «Іс-шараны тек өткіздік деп қана қоюға болмайды. Әр тұрғын алған көшетіне дұрыс қарап, қаланың көгалдануына үлес қосуы қажет. Көгалдандыру кезінде өсімдіктердің сыртқы үйлесімін ғана емес, табиғи ерекшеліктерін де ескеру маңызды. Газонға судың аз мөлшері жеткілікті болса, бұталарға көбірек қажет. Егер осыны елемесек, не газон, не бұталар құрап қалады. Соның салдарынан артық шығын шығып, қаланың көрінісі де бұзылады», – деді Дархан Сатыбалды.

• «Таза Қазақстан» бағдарламасы – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қалдықтарды қайта өңдеп, дамытуға және тұрғындарды қаланы көріктендіру ісіне тартуға бағытталған.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

«ALMATY MARATHON»

додасына 60-тан аса елден 16 мыңнан астам адам қатысады



28 қыркүйекте Алматыда Орталық Азиядағы ең ірі спорттық оқиға – Almaty Marathon өтеді. Биыл бұл жарысқа 60-тан астам елден 16 мыңнан астам қатысушы тіркеліп, рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Бұл туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлім болды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz



САРАПТАМА

БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясы:

ЖАҢАНДЫҚ ҰЙЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауға қатысты қандай ұсыныс жасады?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 21–24 қыркүйекте Нью-Йорк-ке жұмыс сапарымен барды. Президент БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық 80-ші сессиясы аясындағы Жалпы дебатта сөз сөйледі. Бірқатар мемлекет басшыларымен және халықаралық ұйым жетекшілерімен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ, сапар аясында трансұлттық компаниялардың өкілдерімен екіжақты және «дөңгелек үстел» форматында кездесулер ұйымдастырылып, Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды. Мақалада сапар аясында қол жеткізілген уағдаластықтар, биік мінберде көтерілген бастамалар туралы сөз болмақ.

Нью-Йорк сапары несімен есте қалды?

Президент бірнеше жылдан бері БҰҰ-н реформалау қажет екенін мәлімдеп келеді. Бұл мәлімдемелер БҰҰ Бас Ассамблеясы мінберінде айтылуда. Биылғы ұйымның 80 жылдығы аясында өткен Бас Ассамблея мінберінде де осындай бастама көтерілді.

XXI ғасырда БҰҰ-н реформалау өзекті мәселеге айналды. Себебі, ол Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Одан бері міне 80 жыл өтті. Адамзат бетпе-бет келген және болашақта келуі мүмкін сын-қатерлердің табиғаты өзгерді. Әсіресе, коронавирус пандемиясынан кейінгі әлем түбегейлі өзгерістер кезеңін бастады. Жаппай цифрландыру мен Жасанды интеллект төңірегіндегі бәсекелестік жаһандық теңсіздікті арттырады.

Осыған орай, Мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауға қатысты мынадай ұсыныстар айтты:

● **Ұйымды жаңғырту үдерісін Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан бастау.** Қауіпсіздік Кеңесі ұйымның негізгі институты болып саналады. Оның тұрақты 5 мүшесі және ротациялық тәртіппен әрбір екі жыл сайын жаңарып тұратын 10 тұрақты емес мүшесі бар. Тұрақты мүшелер (АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Қытай) арасындағы түсініспеушілік әлемде геосаяси және геоэкономикалық текетіресті күшейтуде. Сондықтан Президент Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек екенін мәлімдеді. Бұл ұсыныс тұрақты мүшелер санын арттыру керек екенін білдіреді.

● **Халықаралық заңның үстемдігін нығайту.** Президент БҰҰ Жарғысын құрметтеуге шақырды. Ол үшін ұйымға мүше-мемлекеттер Жарғыны өз ыңғайына қарай қолданбауы керек екенін атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Соңғы жылдары кейбір мемлекеттер халықтардың өзін-өзі айқындау қағидасын өз ыңғайына қарай қолдануда. Сондықтан Президенттің ұсынысы қазіргі геосаяси сын-қатерге жауап болып саналады.

● **Қарулануды шектейтін шарттарды орындау.** Президент соңғы жылдары қарулануды шектейтін шарттар сақталмай жатқанын мәлімдеді. Шынында да, 2022 жылдан бері әлемде милитаризация үдерісі күшейді. Қарулануды шектеу ядролық қаруға да қатысты. Сондықтан Президент Қазақстанның ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын екенін айтты.

● **Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру.** Бұған дейін Мемлекет басшысы осындай бастама көтерген еді. АҚШ Президенті Дональд Трамп та Жалпы дебатта сөйлеген сөзінде биологиялық қару жасауды тоқтатуға шақырғанын атап өткеніміз жөн.

● **Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениетті саясиландырмау.** Соңғы жылдары осы салалар саясиланып, геосаяси ойын құралына айналды. Президент бұл ұсынысы арқылы жалпыадамзатты біріктіретін бұл салаларға тосқауыл қоймауға шақырды.

Сауда және дипломатиялық байланыс беки түспек


Президенттің Нью-Йоркке жасаған жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Қазақстанға жаңа инвестиция құйылмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың белгілі компаниялары өкілдерімен кездесулер өткізіп, елімізге инвестиция құю туралы уағдаластыққа қол жеткізді. 11 келісім мен меморандумға қол қойылды. Көлік-логистика, энергетика және ақпараттық технологиялар сияқты стратегиялық тұрғыдан маңызды салаларды қамтитын құжаттарда ел экономикасына 5,2 миллиард доллар көлемінде инвестиция тартылмақ. Атап өтер болсақ:

► Мемлекет басшысы PepsiCo қоры директорлар кеңесінің төрағасы Стивен Кихомен кездесті. Трансұлттық компания Алматы облысында снэкттер шығаратын зауыт құрылысына кірісті. Инвестиция көлемі – 368 миллион доллар;

► Amazon компаниясының вице-президенті Дэвид Запольскимен цифрландыру, байланыс және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық мәселесі талқыланды. Келіссөз нәтижесінде Amazon Kuiper компаниясы Алматы, Ақкөл және Ақтау қалаларында өзінің жердегі инфрақұрылымын жасақтауды қолға алмақ. Жобаға 200 миллион долларға жуық инвестиция салу жоспарланған. Нәтижесінде еліміздің шалғай өңірлері жылдамдығы жоғары спутниктік интернетке қол жеткізеді.

Сондай-ақ, Президент бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Атап өтер болсақ, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, Украина президенті Владимир Зеленскиймен, Черногория президенті Яков Милатовичпен, Люксембург премьер-министрі Люк Фриденмен, Монако Князі II Альбермен, Франция президенті Эмманюэль Макронмен, Финляндия президенті Александр Стуббен, Бельгия премьер-министрі Барт де Вевермен кездесті. Бұдан бөлек, Қытайдың жаһандық бастамасы жөніндегі жоғары деңгейдегі кеңеске қатысты.

Мемлекет басшысының жұмыс сапарын қорытындылайтын болсақ, БҰҰ реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымы мен көзқарасын биік мінберден әлем елдеріне жеткізді. Бұдан бөлек, АҚШ-тың ірі компанияларымен жаңа инвестициялық уағдаластықтарға қол жеткізілді. Өзге елдермен дипломатиялық байланыс беки түсті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі:

Болашағы зор жобалар



«Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға сапарында құны шамамен 15 млрд. долларға тең 70 келісімге қол қойылды. Президенттің осы жолғы АҚШ сапары да айтарлықтай табысты өтті. Американың бизнес капитандарымен болашағы зор бірқатар жобаны жүзеге асыру жөнінде келісімдерге қол жеткізілді. Әңгіме Wabtec, PepsiCo, Amazon, Chevron және тағы басқа ірі компаниялар жайында болып отыр. Мәселен, Wabtec компаниясымен құны шамамен 4,2 млрд. долларды құрайтын келісім жасалды. Инвестиция тарту бағытында табанды әрі жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында маңызды сөз айтып, жаһандық күн тәртібіне қатысты көзқарасын білдірді. Президент қазіргі әлемдік дамудың терең үрдістерін айқындап көрсетті. Бұлардың қатарында сенім дағдарысы, халықаралық құқықтың әлсіреуі, милитаризация, климаттың өзгеруі, технологиялық алшақтық қаупі бар. Аталған үрдістер жөнінде қазір түрлі саясаткерлер мен сарапшылар айтып жүр. Алайда, Мемлекет басшысы бұларды жеке-жеке мәселе ретінде емес, әлемдік қауымдастықтан жүйелі әрі тиімді шешім талап ететін іргелі сын-қатерлердің біртұтас кешені ретінде қарастырып отыр. Президент биылғы Жолдауда атап көрсеткен БҰҰ реформасының ауқымды жоспарын ұсынды. Онда негізгі басымдық Қауіпсіздік Кеңесіне беріліп отыр. Атап айтқанда, Кеңесті Азия, Африка және Латын Америкасының ірі мемлекеттері есебінен ротациялық негізде кеңейту, сондай-ақ орта державалардың рөлін күшейту қамтылған.

Сонымен қатар, БҰҰ Жарғысын жаңарту, ядролық қарусыздануды қайта жандандыру, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін құру секілді өзекті тақырыптар көтерілді. Президенттің баяндамасынан жаңа жаһандық консенсусты, сенім мен ашықтыққа, жауапкершілік пен әділдікке, теңгерім мен ынтымақтастыққа, құқықтың берік сақталуы мен ортақ ынтымаққа негізделген жаңа әлемдік тәртіп архитектурасын қалыптастыру идеясы айқын көрінді. Маңыздысы Президент БҰҰ мінберінен Қазақстанның халықаралық қатынастардағы мықты да жауапты субъект, дипломатия мен транзитте, энергетика мен технологияда алтын көпірге айналған ел ретіндегі әлеуеті мен ұстанымын анық байқатты.

Саясат НҰРБЕК,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі:

Жүйелі жұмыс бағдары



Президенттің ресми сапары аясында АҚШ-тың екі үлкен институтымен кездесу өткізілді. Біріншісі – атақты Смитсон институты. Болашақ бағдарламасы аясында осы институт негізінде антропология, тарих, мәдениет тану, басқа да салаларда тағылымдама ұйымдастырылатын болады. Келесі жылдан бастап арнайы тағылымдамалық бағдарлама ашылады.

Бұл ғылыми қызметкерлерімізге, мәдениеттанушыларымызға, антрополог-тарихшыларымызға ең терең тарихи зертеулерді осы институт негізінде жүргізуге мүмкіндік береді. Ал екіншісі – Educational Testing Service (ETS) компаниясы ең ірі тест жасайтын және тестологияны зерттейтін ғылыми орталық, қазіргі таңда біздің ұлттық бірыңғай тестілеудің сапасын арттыру, мазмұнын толыққанды қарастыру бағдарында осы ең ірі, ең атақты тестология ғылыми орталығымен жұмыс атқарылатын болады. Келесі айда үлкен зерттеушілер делегациясы Қазақстанға келеді. Бұл жұмысты біз жүйелі түрде атқаратын боламыз.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.
(Дереккөз: Akorda.kz)



СЕМИНАР–КЕҢЕС

Тұқым шаруашылығы:

ЦИФРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Алматыда ауыл шаруашылығы саласының өзекті тақырыптарына арналған маңызды іс-шара өтті

Семинарға Академия президенті А.Күрішбаев, Алматы облысының әкімі М.Сұлтанғазиев, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ басшылығы, ФАО халықаралық сарапшылары, ірі фермерлер, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, бизнес өкілдері, Алматы облысының аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері, жетекші халықаралық және отандық ғалымдар, ЖОО ректорлары, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары және жас ғалымдар қатысты.

ЕГІНШІЛІК САЛАСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Өңірлік семинар-кеңесте тұқым шаруашылығы жүйесін жетілдіру мен тұқым қозғалысын цифрлық қадағалау жүйесін енгізу мәселелері жан-жақты талқыланды. Бұл басқосу Қазақстан Республикасы Президентінің аграршыларды отандық тұқыммен қамтамасыз ету және агро-өнеркәсіптік кешенді цифрландыру жөніндегі тапсырмалары аясында ұйымдастырылды. Іс-шараны ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен Алматы облысының әкімдігі бірлесіп өткізді.

Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев семинардың ашылуында сөйлеген сөзінде егістік жерлердің өнімділігін арттырудың басты факторларының бірі – сапалы тұқым екенін ерекше атап өтті. «Егіншілікте тұқым шаруашылығы әрдайым саланың іргетасы болып келген. Ғалымдардың деректеріне сүйенсек, дақылдардың өнімділігінің 25 пайызы тұқым сапасына байланысты», – деген спикер елімізде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі әлі де төмен деңгейде қалып отырғанын айтты. Себептері ретінде сорт алмастыру мен сорт жа-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ңарту жұмыстарының жеткіліксіздігі, сапасыз тұқымдардың қолданылуы, тіпті кейде тауарлық астықтың тұқымдық материал ретінде пайдаланылуы аталды. 2012–2021 жылдар аралығында елімізде дәнді дақылдардың орташа жылдық өнімділігі небәрі 6 пайызға өсіп, гектарына 12 центнерден аспаған. Ал табиғи-климаттық жағдайы ұқсас Канадада бұл көрсеткіш 28 пайызға жетіп, гектарына 38 центнерді құраған.

ЖАҢА ЖҮЙЕ НЕ БЕРЕДІ?

Дамыған елдердің барлығында тұқым қозғалысын бақылаудың заманауи цифрлық жүйесі жұмыс істейді. Енді Қазақстан да осы тәжірибені енгізбек. Президент тапсырмасына сәйкес әзірленген 2024–2028 жылдарға арналған тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі кешенді жоспарға осы жүйені енгізу де қарастырылған.

Ұлттық Ғылым академиясының академиктері Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті және Қазақстан–Британ техникалық университетінің ғалымдарымен бірлесіп тұқым қозғалысын бақылаудың цифрлық жүйесін әзірлеп, авторлық куәлік алды. Спикер атап өткендей, бұл жүйе бүгінгі семинар-кеңесте тек таныстырылып қана қоймай, пилоттық режимде іске қосылады. Аграрлық сала мамандары әзірлеген жаңа жүйе:

- мемлекеттік органдарды сала туралы нақты әрі өзекті мәліметтермен қамтамасыз етеді;

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Ұлттық Ғылым академиясының президенті:

БІЗ СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШТІК

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз үш жылдың ішінде цифрлық мемлекет құруымыз қажет. Бұл бастама экономиканың барлық саласында үлкен өзгерістер әкеледі. Аграрлық сала да осы өзгерістерден тыс қалмауы тиіс. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі дамыған елдермен салыстырғанда екі есе төмен. Яғни өнімділікті кемінде екі есеге арттыруға толық мүмкіндік бар. Бірақ оған кедергі келтіретін бірнеше себеп бар, соның негізгісі – тұқым шаруашылығының жеткілікті деңгейде дамымауы. Сондықтан ең алдымен цифрлық технологияларды тұқым шаруашылығы саласына енгізу қажет. Бүгін біз сөзден іске көштік деп айта аламыз. Ұлттық Ғылым академиясының бастамасымен Аграрлық зерттеу университеті және Қазақстан–Британ техникалық университетінің ғалымдары бірігіп, арнайы цифрлық платформа дайындады. Бұл платформаның басты мақсаты – тұқым шаруашылығын жүйелі түрде қалыптастыру. Ол бірнеше маңызды мәселені шешуге көмектеседі.

Біріншіден, фермерлер қазір сатып алып жүрген тұқымның сапасын нақты білмейді. Жаңа жүйе осы мәселені шешіп, тұқым сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, тұқым шаруашылығына жыл сайын миллиардтаған субсидия бөлінеді. Алайда, бұл салада сыбайлас жемқорлық фактілері де кездеседі, бұл мәселені толығымен жоюға болады. Үшіншіден, мемлекеттік органдар тиімді цифрлық басқару жүйесіне ие болады. Әрине, бұл жүйені бірден бүкіл республикаға енгізу оңай емес. Сондықтан біз пилоттық жоба ретінде Алматы облысынан бастадық. Бұл облыс – аграрлық салада алдыңғы қатарда тұрған аймақтардың бірі. Бүгінгі семинарда барлық тұқым шаруашылығы өкілдеріне жүйенің жұмыс істеу тетіктері түсіндіріліп жатыр.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Заманауи медицина:

ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Алматыдағы Кардиология және Ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының базасында халықаралық деңгейдегі заманауи эндоскопиялық оқу-тренинг орталығы ашылды.

Бұл жаңа орталық Қазақстан мен Орталық Азия елдерінен келген эндоскопист-дәрігерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға, заманауи медициналық технологияларды үйренуге және тәжірибе алмасуға арналған маңызды платформа болмақ. Жаңа оқу орталығы аймақтағы алғашқы заманауи тренинг алаңдарының бірі ретінде эндоскопия саласының дамуына тың серпін бермек. Мұнда мамандар асқазан-ішек жолдарының ауруларын, соның ішінде қатерлі ісіктерді ерте кезеңде анықтауға бағытталған жаңа әдістерді үйренеді. Бұл медициналық көмектің сапасын арттырып, халық денсаулығына тікелей оң әсерін тигізеді деп күтілуде. Орталық ең жаңа Evis X1 эндоскопиялық жүйелерімен және жоғары технологиялы симуляторлармен жабдықталған.

Ерекше атап өтерлігі – жасанды интеллект элементтері бар құрылғылар дәрігерлерге диагностика барысында қосымша көмек көрсетеді. Мысалы, кейбір ұсақ өзгерістер немесе қабыну ошақтары көзге

бірден түсе бермесе, жасанды интеллект жүйесі оларды автоматты түрде анықтап, маманға ескертеді. Мұндай технологиялар қатерлі ісіктерді және басқа да асқазан-ішек жолдарының ауруларын ерте кезеңде анықтап, емдеуді дер кезінде бастауға мүмкіндік береді. Бұл – көптеген пациенттердің өмірін сақтап қалуда шешуші рөл атқаратын маңызды қадам.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рүстем ТӨЛЕУТАЕВ,
институттың Басқарма төрағасы:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕСІМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН

Орталықтың ашылуына әлемдік медициналық жабдықтар өндірісінің көшбасшысы – Olympus компаниясымен стратегиялық әріптестігіміз ықпал етті. Серіктестерімізге шынайы алғысымды білдіремін. Жаңа халықаралық оқу-тренинг орталығының ашылуы – біздің институт үшін маңызды оқиға. Мұнда халықаралық сертификаттары бар арнайы оқытушылар дәрігерлерге заманауи әдістерді үйретеді. Орталықта Қазақстанның түкпір-түкпірінен, сондай-ақ Орталық Азия мен көрші мемлекеттерден келген дәрігерлер білімін жетілдіре алады. Мақсат – мамандарды жаңаша оқытып, диагностика мен емдеуді халықаралық стандарттарға сай деңгейге көтеру.

Орталық дәрігерлердің кәсіби білімін арттыруға арналған. Студенттер әзірге негізгі медициналық білімі болмағандықтан тек бақылаушы ретінде қатыса алады. Ал білікті дәрігерлер арнайы курстарға жазылып, тәжірибесін жетілдіреді. Орталықта оқу жыл бойы арнайы кезеңдер бойынша ұйымдастырылады. Әр курста дәрігерлер теориялық білім алып қана қоймай, симуляторларда және клиникалық жағдайда тәжірибе жинайды. Жаңа келген эндоскопиялық аппарат ең заманауи үлгіде жасалған және жасанды интеллект жүйесімен жабдықталған. Егер дәрігер қандай да бір өзгерісті байқамай қалса, жасанды интеллект қабыну немесе ауру белгілерін автоматты түрде көрсетіп, қосымша ақпарат береді. Бұл ерте диагностика сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



геріп қана қоймай, оларды өз тәжірибесінде тиімді қолдануына жол ашады. Жаңа орталық тек Қазақстан дәрігерлері үшін ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан мамандары үшін де ашық. Бұл өңірлік ынтымақтастықты арттырып, Орталық Азиядағы медициналық қызмет сапасының артуына ықпал етеді деп күтілуде.

Сонымен қатар, Орталық жыл бойы жұмыс істеп, арнайы кезеңдер бойынша оқу курстарын өткізбек. Алматыда ашылған бұл заманауи оқу-тренинг орталығы Қазақстандағы медициналық білім беру мен денсаулық сақтау саласының жаңа кезеңін бастап берді. Жаңа технологиялар мен халықаралық тәжірибе аймақтық медицина сапасын арттырып қана қоймай, болашақта көптеген пациенттің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бетті әзірлеген

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

■

ҮКІМЕТ

Алматының тау шаңғысы кластерін дамыту:

ALMATY SUPERSKI КУРОРТЫ:

жаңартылған кешенді жоспар таныстырылды

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Kazakh Tourism Development Ltd. компаниясы директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Онда Президент Жолдауында қойылған Алматының тау шаңғысы кластерін дамыту жөніндегі міндеттер шеңберінде Almaty Superski туристік жобасын жүзеге асыру мәселелері қаралды.

Kazakh Tourism Development Ltd. бас атқарушы директоры Ержан Еркінбаев әлемдік танымал Pas Grau International (PGI) компаниясымен бірлесіп әзірленген Almaty Superski курортының жаңартылған кешенді жоспарын таныстырды. Жоба тау шаңғысы жабдықтарын өндіруде заманауи технологияларды пайдалануды, климаттық және рельефтік жағдайларды талдау үшін спутниктік деректерді қолдануды және «жасыл» стандарттарды енгізуді көздейді. Жобаның негізіне бүкіл әлем бойынша 120-дан астам курорттарда қолданылатын үздік тәжірибелер алынған.

Жоан Виладомат құрылыс үшін таңдалған учаскенің мегаполис маңында орналасқаны үлкен маңызға ие екенін атап өтті. Бұл туристердің тұрақты келуін қамтамасыз етеді және курорттың жұмысын алғашқы жылдардан-ақ өңірде жетекші орынға шығаруға мүмкіндік береді. Құжат орнықты даму қағидаттарына және экологиялық жыл бойғы туризмді ұйымдастырудың заманауи тәсілдеріне сәйкес қазақстандық және халықаралық экологиялық стандарттарды ескере отырып әзірленген. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Алматының қысқы және экологиялық туризм орталығы ретіндегі халықаралық имиджі нығайып, қонақүй бизнесіне, көлік және қызмет көрсету саласына, сондай-ақ, ШОБ-қа инвестициялар тартылмақ.

Отырыс қорытындысында Директорлар кеңесі кешенді жоспарды бекітті, енді ол техникалық-экономикалық негіздемені және жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға негіз болады.

• **Almaty SuperSki жобасын жүзеге асыру 5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.**



Pas Grau International компаниясының операциялық директоры Томас Тор-Енсен мәлімдегендей, Almaty Superski жаңа тау шаңғысы курорты аймаққа шетелден жаңадан үйреніп жүрген шаңғышылар мен туристерді тартуға бағытталған.

Оның айтуынша, курорттың артықшылығы – Алматыға жақын орналасқанында. Негізгі басымдық қоршаған ортаға әсерді азайтуға, яғни су мен электр энергиясын тұтынуды азайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды қолдануға берілген. Ал «Медеу» базалық стансасын курортпен байланыстыратын заманауи аспалы жол жобаның маңызды элементі болмақ. «Болашақта бұл жоба өңірге орасан зор экономикалық оң әсер бермек.

Шетелдік туристерді Қытай мен Үндістанның ірі нарықтарынан тарту стратегиясына ерекше назар аударылып отыр. Курорт жаңадан үйреніп жүрген шаңғышыларға бағытталған, сондай-ақ, ол бұл аймақта жоқ өнімді ұсынады.

«Аталған жобаның ерекше тұсы – курорттың ең биік нүктесі 3400 метр биіктікте орналасқанында. Бұл өте биік және ол жерден тау аңғары мен Алматы қаласына 360 градусқа керемет панорамалық көрініс ашылады. Бұл Үндістаннан, Қытайдан және басқа елдерден келетін туристерді шынымен де қызықтыратын дүние», – деп атап өтті Томас Тор-Енсен.

• **Almaty Superski жобасы елімізде туризмді дамытудың драйвері ретінде қарастырылып отыр. Ол еліміздің тұрғындары мен қонақтары үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, экономиканы әртараптандыру жөніндегі ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге үлес қоспақ.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

■

ТУРИЗМ

ШАҒАРДЫҢ

ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ:

Инвестициялық өсім – 62%!

2025 жылдың қаңтар-шілде айларында Алматыдағы туристік инфрақұрылымға салынған инвестиция көлемі 92,2 млрд. теңгеге жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 62%-ға артық. Бұл туралы мегаполистің Туризм басқармасы хабарлады.

Қаражат жаңа қонақ үй нысандарын салуға, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталды. Мұның бәрі Алматының халықаралық туристік аренадағы орнын нығайта түсті. Осы кезеңде туризмнен түскен салық түсімі 46,9 млрд. теңге болды. Оның ішінде қоғамдық тамақтану саласынан – 21,2 млрд. теңге (45,2%), спорт және демалысты ұйымдастырудан – 8 млрд. теңге (17%), уақытша орналастыру қызметінен 4,6 млрд. теңге (9,8%) түскен.

Туризм басқармасының мәліметіне сәйкес, «инвестиция мен салық түсімінің өсуі Алматыдағы туризм саласының қала экономикасындағы негізгі қозғаушы күштердің біріне айналып келе жатқанын көрсетеді. Бұл қаражат инфрақұрылымды дамытуға, сервисті жақсартуға және заманауи сапа стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді».

Туризмді дамыту қонақтардың Алматыға деген қызығушылығының артуын ғана емес, сондай-ақ қаланың жүйелі жұмысын да көрсетеді: бизнеске жаңа мүмкіндіктер жасалып, қызмет түрлері кеңейіп, заманауи стандарттар енгізілуде. Мұның бәрі Алматының өңірдегі басты туристік орталықтардың бірі ретіндегі мәртебесін нығайтады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■

КӘСІПТІК БІЛІМ

Алматы құрылыс-техникалық колледжінде Еңбек күні мерекесі аясында серіктес компаниялар мен кәсіптік білім беру саласының ардагерлерінің қатысуымен «Еңбек түбі – береке» атты кездесу өтті.



Нұрлан
СҮЙІН

Іс-шараның мақсаты – жұмыспен қамту, еңбек қатынастарын дамыту және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мәселелерін талқылау, сондай-ақ әлеуметтік серіктестердің кәсіби дағдыларды дамыту мен жастарға лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етудегі рөлін айқындау.

Кәсіби білім беру саласы ардагерлерінің кәсіби жолы, олардың мол тәжірибесі мен елеулі жетістіктері – жас ұрпақ үшін жарқын үлгі. Олардың қосқан үлесі – еңбек мәдениетін, мамандыққа деген құрметті және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты қалыптастыратын құнды мұра. Әр адам өз жұмысын адал әрі білікті атқара отырып, ел дамуына қомақты үлес қосып, нағыз кәсіп иесінің және еңбек адамының ең үздік қасиеттерін көрсетеді. Кездесу



форматы қатысушыларға нақты жағдайларды қарастырып, жұмыспен қамту, колледж бен бизнес арасындағы өзара іс-қимыл, әлеуметтік мәселелерді бірлесіп шешу және жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған бастамаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жұмысшы мамандықтарын ұлықтауға және жастар үшін оң үлгі қалыптастыруға бағытталған бұл іс-шара еңбекке қатысты өзекті мәселелерді саналы түр-

де қабылдауға ықпал етіп, оларды шешуге шығармашылдықпен қарауға ынталандырады, сондай-ақ колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті нығайтады.

Кездесу барысында осы саланың ардагерлері, серіктес кәсіпорындардың өкілдері сөз алып, көтеріліп отырған тақырыптың ауқымды екенін атап өтті.

Колледж директоры Бектұрған Ахметов кіріспе сөзінде колледж тарихына

тоқталып, кәсіби оқу орнының бүгінгі жетістіктерін атап өтті. Осы салада жарты ғасырға жуық еңбек еткен, аталмыш колледжді басқарған ардагер ұстаз, Салалық кәсіби білім беретін ұйымдар одағының президенті Ысқақ Нұрмұхаметовты жетпіс жылдық мерейтойымен құттықтап, иығына шапан жапты. Кездесуде сөз алған Ысқақ Молдаәлімұлы бүгінгі таңда индустриялық даму жолына түскен Қазақстан үшін кәсіби жұмысшы мамандардың орны ерекше екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, еңбек адамының орны қашан да бөлек. Сондықтан да мамандық меңгерген әрбір кәсіби жұмысшы елдің дамуына өз үлесін қоса алады.

Бұдан өзге, серіктес компания өкілдері сөз алып, осы колледжді жақсы бітірген мамандарға өз өндірістерінде әрқашан орын дайын екенін айтты.

Колледждің өндірістік-практикалық бөлімінде оқу орнының ұстаздары, өндірістік оқыту шеберлері Д.Жұмағұлұлы, Г.Осатовалар келушілерге шеберлік сабақтарын өткізді.

Алматы қаласы Білім басқармасы өкілі кездесудің қорытынды сөзін сөйлеп, іс-шараны түйіндеді.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



СЕРТИФИКАТ

QS World University Rankings 2026:

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕҢІСІ

Қазақстанның 20 университеті әлемдегі ең беделді жаһандық рейтингтердің біріне енді

Алматыда QS халықаралық рейтинг агенттігінің өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның жетекші университеттеріне QS World University Rankings 2026 сертификаттарын салтанатты табыстау рәсімі өтті. QS пен «Bilim Damu» консорциумы арасында екі-жақты келісімге қол қойылды.

Дана
САДЫРҚАН

QS World University Rankings – әлемдегі ең беделді үш жаһандық университет рейтингінің бірі. Қуантарлығы, 2026 жылғы тізімге Қазақстанның 20 университеті енді. Олардың қатарында – Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті және басқа да алдыңғы қатарлы оқу орындары бар.

– Қазақстанның университеттері осындай беделді QS World University Rankings 2026 рейтингіне енгеніне қуаныштымын. Бұл жетістік әр университеттің еңбегін ғана емес, тұтастай жоғары білім жүйесінің жеңісін білдіреді. Университеттеріміздің әлемдегі ең беделді жаһандық рейтингтердің біріне енуі – халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, академиялық беделді арттыруға, студенттер мен ғылыми қауымдастық үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға жол ашады. Жоғары оқуы орындарын-

ПЕДАГОГИКА

«Almaty Ustazy» қалалық байқауы:

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР

анықталды

Алматыда жас педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған дәстүрлі «Almaty Ustazy» қалалық байқауы өз мәресіне жетті. Финалдық кезең Алатау ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында өтіп, үздік ұстаздар анықталды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Байқау Алматы қаласы әкімдігінің және Білім басқармасының қолдауымен 2019 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Жобаның басты мақсаты – креативті мұғалімдерді анықтау, заманауи педагогикалық тәжірибені тарату және ұстаз мамандығының беделін көтеру.

Бұл сында үміткерлердің білімін 33 сарапшы бағалады. Нәтижесінде екінші кезеңге 68 педагог өтіп, 13-14 мамырда қа-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

дағы ғылыми-ағартушылық зерттеулер үшін бюджеттен арнайы қаражат бөлуге дайынбыз, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Алматыдағы салтанатты іс-шара қазақстандық жоғары оқу орын-

дарының халықаралық аренадағы беделінің артып келе жатқанын айқын көрсетті. Қазақстандық білім жүйесі өз әлеуетін сенімді түрде танытып, университеттердің жетістіктері студенттер мен ғылым үшін жаңа көкжиектер ашуда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ШОРАНОВ,
С.Д.Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университетінің ректоры:

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Біздің университет үшін QS World University Rankings 2026 рейтингіне ену – үлкен мәртебе. Бұл тізімге Қазақстаннан жалғыз медициналық жоғары оқу орны ретінде қосылдық. Әсіресе, университетіміз әлем бойынша небәрі төрт медициналық оқу орнының қатарында болғанын ерекше атап өтті. Мұндай маңызды рәсімнің дәл біздің университет қабырғасында өтіп отырғанына қуаныштымыз. Биыл біздің оқу орнымыздың құрылғанына 95 жыл толып отыр. Бұл – бүкіл ұжымның қажырлы еңбегінің нәтижесі! Біздің түлектер Қазақстанда ғана емес, шетелде де табысты еңбек етіп, отандық медициналық мектептің беделін көтеріп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жуырдағы Жолдауында ғылым мен білімнің қазіргі замандағы, әсіресе, цифрландыру жағдайындағы рөлін ерекше атап өтті. Бұл біз үшін бағдар әрі ынталандыру болып табылады. Біз әрі қарай да білім беру бағдарламаларын жетілдіріп, ғылыми әлеуетімізді күшейтіп, медициналық кадрларды даярлауда инновацияларды енгізуді жалғастыра береміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ардақ СМАҒҰЛОВА,
Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік орталығының директоры:

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ШЫҢДАЛАТЫН АЛАҢ

«Almaty Ustazy» – жас мұғалімдерге арналған дәстүрлі байқау. Осы бес жылда білім беру саласына тың серпін әкелетін жас мұғалімдерді қолдап, инновациялық ойларды, жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті қолдану тәжірибесін көрсететін бірегей алаңға айналып үлгерді.

Қала бойынша барлығы 794 педагог өтініш берді. Оның ішінде 558 мұғалім 11 пән бойынша тестілеуден өтті. Нәтижесінде 68 педагог екінші кезеңге өтіп, олар Алматының 15 мектебінде «Мен – педагог-лидер» тақырыбында ашық сабақтар өткізді. Үшінші – финалдық кезеңге 13 үздік жас ұстаз жолдама алды. Кейінгі бес жылда «Almaty Ustazy» байқауына шамамен 9 мыңға жуық жас педагог қатысқан.

БРИФИНГ

АЛМАТЫНЫҢ
ЖАҢА ТЫНЫСЫ:

коммуналдық қызмет сапасы артып келеді

Алматыда инженерлік инфрақұрылымды кешенді жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып жатыр. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Алмасхан Сметлаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді. Брифингке қала әкімінің орынбасарымен бірге қоғамдық көлік, энергетика, су, жол және экология салаларының басқарма басшылары да қатысып, журналистер сауалдарына жауап берді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫСУ МЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ
ЖАҢАРУДА

Әкім орынбасарының айтуынша, қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту үшін «Ақсай» және «Ерменсай» суқабылдау құрылыстары салынуда, ал «Барлық» суқабылдағыш жобалану үстінде. Бұл 245 мыңнан астам тұрғынға таза ауызсу жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұзындығы 34,9 шақырымды құрайтын Батыс коллекторының құрылысы аяқталуға жақын. Оның арқасында Алатау және Наурызбай аудандарының 150 мың тұрғыны орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылады.

Жылу желілерін жаңғырту да қарқынды жүріп жатыр. Биылдың өзінде 37 шақырым құбыр жаңартылып, 17 коммуналдық қазандықта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Электр және газ желілері ретке келтіріліп, жеке желілер коммуналдық кәсіпорындардың балансына беріліп жатыр. Ал көше жарығы бойынша 20 мыңнан астам жаңа шам

орнатылып, жарықтандыру деңгейі екі есе артты. Жыл соңына дейін қала көшелерінің барлығы жарықпен қамтылады.

ӘДІЛ ЕҢБЕКАҚЫ

Брифинг барысында әкім орынбасары Алматыда санитарлық тазалау жүйесінің жаңа форматы енгізілгенін де атап өтті. Бұдан былай әр ауданға бір мердігер бекітіледі. Ол көшелердің, тротуарлардың, арықтардың, аялдамалар мен жасыл аймақтардың тазалығына толық жауапты болады.

Қазір қала тазалығына жауапты қызметкерлердің саны екі есеге артып, 3175 адамға жетті. Аула сыпырушылардың еңбегі лайықты бағаланып, жалақысы 170 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, тәулік бойы үш ауысымдық жұмыс кестесі енгізілді. Қалаға 300-ден астам жаңа арнайы техника алынды.

«Бұрын бір көшеде бірнеше компания қатар жұмыс істеп, түсініспеушілік туындайтын. Енді «қасбеттен қасбетке дейін» қағидатының енгізілуі тәртіп пен үйлесімділікті жоғарылатады», – деді А.Сметлаев.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан–Германия:

«NEXUS» ИНСТИТУТЫ

Орталық Азиядағы су және климат саласындағы мәселелерді шешумен айналысатын құрылым

Алматыда ҚР Ұлттық Ғылым академиясының басқаруымен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (KazNARU) базасында «Nexus» институты құрылуда.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл – жер ресурстарын, су қорларын, энергияны басқару және биологиялық әртүрлілікті сақтау салаларында кешенді әрі орнықты шешімдер әзірлеуге бағытталған ғылыми-білім беру орталығы. Институт өңірлік және халықаралық серіктестердің ғылыми әлеуетін біріктіретін платформа ретінде жұмыс істейтін болады.

Бастама ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, KazNARU және DKU Қазақстан–Неміс университетінің ынтымақтастығымен, Ханнс Зайдель қорының стратегиялық қолдауымен жүзеге асырылып отыр.

Институттың басты мақсаты – жер, су, энергия және биоалуантүрлілікке қатысты өзара байланысты мәселелерді ғылыми

түрғыда шешу арқылы аймақтың орнықты дамуына үлес қосу. Осы ретте пәнаралық зерттеулерге, халықаралық академиялық ұтқырлыққа және Орталық Азия үшін жоғары білікті мамандар даярлауға баса назар аударылмақ. Институт қызметінің негізгі бағыттары мына бағдарларды қамтиды:

- Су және жер ресурстарын орнықты басқарудың саясатын әзірлеу;
- Табиғи ресурстарды басқаруға арналған цифрлық шешімдерді енгізу;
- Климаттың өзгеру жағдайында жұмыс істейтін кадрларды даярлау;
- Жердің тозуы мен шөлейттенуінің алдын алуға бағытталған тәжірибелерді ілгерілету.

Неміс серіктестері, соның ішінде Ханнс Зайдель қоры, институтқа зерттеу бағдарламаларын іске қосудан бастап стратегиялық сессиялар өткізу мен білім беру платформаларын дамытуға дейінгі аралықта қаржылық және сараптамалық қолдау көрсететін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

«Бизнес бастау»:

ҚОЛДАУ ДА,
ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК ТЕ БАР

Алматы – нағыз мүмкіндіктер мекені

Мегаполис – кәсіпкерлікке қолайлы қала. Неге десеңіз, мұнда кәсіп бастауға да, оны өркендетуге де жағдай жасалған. Қарапайым істен басталған талай шағын кәсіп бүгінде мыңдаған отбасының нәпақасына айналып отыр. Мемлекеттік және жергілікті қолдау бағдарламалары бизнеске қаржылай көмек қана емес, бағыт-бағдар да беріп келеді. Бірі базарда шұлық сатудан дүкен иесіне айналса, енді бірі ас бөлмесінен наубайхана ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

Кәсіпкерлер не дейді?

Бір кездері Қуат қаланың шетіндегі базарға күн сайын келіп сауда жасайтын. Қалтасындағы бірнеше қорап шұлықты сатқанын қанағат тұтып, үйіне аз-маз тиын тебенімен оралатын. «Әр сатқанымнан кейін бір күнімді емес, ертеңімді ойлайтынмын. Арманым – өз дүкенімді ашу еді», – дейді ол. Бүгінде Қуаттың қалада бірнеше сауда нүктесі бар, өзі секілді жастарға жұмыс беріп отыр.


Ал Әсемнің кәсібі ас бөлмесінен басталды. Ол үйде отырып өз қолымен пісірген наны мен печенье­сін алғаш көршілеріне сатудан бастаған. Тапсырыстар көбейген соң әлеуметтік желі арқылы таныстар тауып, шағын наубайхана ашыпты. Қазір оның өнімдері жәрмеңкелерде, интернет-дүкенде сатылады. «Алғашқы клиенттерімнің алғысы мен сенімін ешқашан ұмытпаймын. Енді кәсібімді бұдан да кеңейтіп, көбірек адамды жұмысқа тартқым келеді», – дейді жас кәсіпкер.

Мұндай табысты кәсіпкерлердің қатарында Гүлсара апаның еңбегін де атап өтуге болады. Қырық жыл ұстаз болып еңбек еткен ол зейнетке шыққан соң үйінде шағын асхана ашқан. Тіл үйірер тағамды кім ұнатпайды дейсіз?! Апаидың дәмді астарын әзірлеуге алғашында балалары мен немерелері көмектесіпті. Қазір сол асхана отбасылық бизнеске айналған. «Еңбек етсең, жасқа да, жасамысқа да мүмкіндік бар. Енді немерелерімнің қолынан іс келетінін көріп, марқайып жүрмін», – дейді кәсіпкер апа. Мұндай мысалдарды тізе берсек, көп әрине... Демек, шағын кәсіп жеке армандардың орындалуына, отбасылық әл-ауқат пен қаланың экономикалық тірегіне айналатын үлкен күш деуге болады.

ШОБ 1 миллионнан астам
адамды жұмыспен
қамтып отыр

Бүгінде шаһарда 447 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бұл – мегаполистегі әрбір төртінші тұрғын кәсіпкерлікке тікелей немесе жанама қатысы бар деген сөз. Алматыда шағын және орта бизнес 1 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

Биыл да Алматы қаласы өз мерекесін – Қала күнін ерекше сән-салтанатпен атап өтті. Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды алматылықтарға жүрекжарды лебізін жеткізіп: «Алматы – бизнеске ең қолайлы қала болуы тиіс. Әрбір азамат өз арманын жүзеге асырып, кәсібін ашып, отбасын асырап, жаңа жұмыс орындарын құруы үшін барлық мүмкіндік жасалады.



Сүйікті қаламызды бірге дамыта берейік. Алматы құлпырып, гүлденіп, өркендей берсін!», – деді. Бұл сөздер мерекелік құттықтаудан бөлек, мегаполис болашағына деген сенімнің айқын көрінісі болды. Қала басшысының ұстанымы – билік пен кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп, әр тұрғынға өз қабілетін жүзеге асыруға жол ашу. Демек, заман талабына ілесіп, тынымсыз еңбек еткен жан ғана жайлы да бақуатты өмір сүре алады. Дархан Сатыбалдының осы үндеуі алматылықтардың жүрегіне сенім ұялатты, арманын асқақтатып, жаңа биіктерге жетуге жігер қосты.

Несиелер мен гранттар –
армандарға жол ашады

Кәсіп бастағысы келетіндерге қалада түрлі мүмкіндік бар. «Бизнес бастау» жобалары, кәсіпкерлікке арналған оқу курстары, шағын несие мен гранттар – бәрі де арманы бар азаматқа жол ашады. Ал тәжірибелі кәсіпкерлер үшін өндірісті кеңейтуге, жаңа технология енгізуге жағдай жасалып келеді.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шағын және орта бизнес бөлімінің басшысы Әсет Әмірбектің мәліметіне сүйенсек, «2025 жылы шағын және орта бизнесті субсидиялау, кепілдендіру және кредиттеу үшін

✓ КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда 447 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, оның ішінде:

● **145 мыңнан аса шағын кәсіпкерлік субъектісі;**

● **819 орта кәсіпорын;**

● **299 мыңнан астам жеке кәсіпкер;**

● **1900-ге жуық шаруа қожалығы бар.**

бюджеттен жалпы 50,6 млрд. теңге бөлінген. Оның ішінде өңірлік және муниципалдық бағыттар бойынша бөліністер бар: субсидиялау – 30 млрд. теңге, кепілдендіру құралы – 1,6 млрд. теңге, тікелей кредиттеу – 1 млрд. теңге. Осы шаралардың нәтижесінде 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 703 жоба жалпы несие сомасы 108,9 млрд. теңге көлемінде қолдау тапты», – дейді Әсет Пернебекұлы.

«Бірыңғай кешенді бағдарлама» аясында субсидиялау мен кепілдендіру арқылы 312 жобаға 51,8 млрд. теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде субсидиялау бойынша 245 жобаға 48,3 млрд. теңге, кепілдендіру бойынша 67 жобаға 3,5 млрд. теңге қарастырылды. Сондай-ақ, өңірлік және салалық бағдарламалар да нәтижесін беруде.

Мәселен, «Almaty Business – 2025» бағдарламасы бойынша 59 жобаға 5,7 млрд. теңге қаржы жұмсалды. Оның ішінде Almaty Finance арқылы 6 жобаға 3,4 млрд. теңге, ал Almaty MFO арқылы 53 жобаға 2,3 млрд. теңге берілді. «Jana Business» бағдарламасы аясында 153 жоба жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, 13,7 млрд. теңге көлемінде қаржыландырылды. Үкімет енгізген жаңа кепілдендіру тетігі арқылы Алматыда 143 жоба мақұлданып, 20,5 млрд. теңге несие берілді, оның ішінде кепілдік көлемі 10,8 млрд. теңгені құрады. Ал «Даму» қорының «Өрлеу» бағдарламасы шеңберінде республика бойынша 750 млрд. теңге бағытталса, Алматыда 36 жобаға 17,2 млрд. теңге бөлінді. Әсет Пернебековтің айтуынша, бұл шаралардың барлығы кәсіпкерліктің нақты өсімін қамтамасыз етуге, инвестиция тартуға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Иә, мегаполисте шағын және орта бизнестің үлесі арта түсті. Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде кәсіпкерлер жаңа жобаларын жүзеге асырып, қала экономикасын дамытуға үлес қосуда. Қазіргі таңда қалада шамамен 1 миллионға жуық адам ШОБ саласында еңбек етіп жатыр. Бұл дегеніміз, халықтың жартысына жуығы. Демек, кәсіпкерлік Алматының тұрақты өсімі мен ел экономикасының қуатты тірегіне айналып отыр деген сөз.

Шағын және орта
бизнес белсенді

Иә, Алматыда шағын және орта бизнестің белсенділігі күн санап артып келеді. Қалада әсіресе сауда, қызмет көрсету, тамақ өнімдерін өндіру, креатив сектор мен туризм салалары серпіні алып отыр. Бұған қоса, цифрлық қызметтер мен IT-стартаптар да мегаполистің дамуында маңызды рөл атқаруда. Президент Жолдауында аталған басым бағыттар бұл салалардың одан әрі жандануына негіз болмақ.

Ал кәсіпкерліктің басты артықшылығы – оның икемділігі. ШОБ нарықтағы өзгерістерге тез бейімделіп, жаңа бағыт ашып, қызмет түрлерін оңай түрлендіре алады. Алайда, қиындықтар да жоқ емес. Жалға алу құнының өсуі, пайыздық мөлшерлемелердің

қымбаттауы, қаржылық сауаттылықтың төмендігі – кәсіпкерлердің ең жиі кездесетін мәселелері. Сала мамандары бұл түйткілдерді шешу үшін қаржылық білім беруді күшейту, кәсіпкерлерге арналған оқыту бағдарламаларын дамыту, сондай-ақ гранттар мен жеңілдетілген несиелер туралы ақпаратты кеңінен тарату қажет екенін айтады.

«Сафи тәттілері» өнімдерінің иесі Фариза Молдабергенова да осы ойды қуаттайды: «Шағын және орта бизнес – экономиканың ең сергек секторы. Тіпті үй жағдайында куинарлық өнімдер дайындап, көлөнер бұйымдарын жасап немесе онлайн қызмет көрсету арқылы табыс табуға болады. Бірақ өкінішке қарай, көптеген кәсіпкерлер алғашқы жылдары-ақ салық пен қаржылық есептегі қателіктерден бизнесін жабуға мәжбүр болады. Бұған көбіне қаржылық сауаттылықтың төмендігі және мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпараттың жеткіліксіздігі себеп. Әйтпесе, кәсіп бастаймын деген жанға мүмкіндік жетерлік», – дейді ол.

ТҮЙІН:

Ең бастысы, алматылықтар жаңа идеядан қорықпайды. Қарапайым тағамнан ерекше дәмхана ашып жүргендер де, қолөнерін брендке айналдырғандар да бар. Әрбірінің табыс тарихы – өзгеге үлгі. Демек, Алматы – еңбекқор жанға әрдайым мүмкіндік сыйлайтын қала. Бұл шаһарда табыс табамын деген адамның еңбегі ешқашан зая кетпейді. Бастысы – батыл қадам жасап, қолға алған істі жүрекпен атқару.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



«ЕҢБЕК АДАМЫ – 2025»

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Суреттерді түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Оқушылар сарайында «Еңбек адамы – 2025» жобасы аясында әр саланың үздік өкілдерін марапаттау рәсімі өтті.



Досбол АТАЖАН

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған жобаның мақсаты – адал еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген еңбек адамын жастар арасында насихаттау, сондай-ақ қоғамда өнегелі тұлға бейнесін қалыптастыру. Іс-шараға қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, сарапшылар, азаматтық

қоғам белсенділері және жастар өкілдері қатысты.

– Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Оның мәні – қарапайым жұмысшылардың еңбегін бағалап, қоғамда дәріптеу. Бүгін марапатталып отырған адамдар өз жұмысын адал, сапалы атқарып жүр. Солардың арқасында еліміз өсіп, өркендеп келеді. Осындай азаматтарымызды лайықты бағалауымыз керек. Оларға қарап жастарымыз үлгі алады. Алматы әкімдігінің атынан жасап жүрген еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін, – деді Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Есенбеков.

Жалпы, «Еңбек адамы – 2025» жобасы аясында 20 маман марапатталып, үздіктерге қаржылай сыйлық табысталды.

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ – 2025»

ӨҢІРЛІК КЕЗЕҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Әлеуметтік қызметтер үйінде «Еңбек жолы – 2025» республикалық байқауының өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара еңбек адамын ұлықтауға, кәсіби шеберлік пен адал еңбекті насихаттауға бағытталған.



Дана САДЫРҚАН

Марапаттау рәсіміне жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, кәсіпорын басшылары, қоғам қайраткерлері мен БАҚ өкілдері қатысты. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жанатұлы салтанатты жиында үздік еңбек жолымен көзге түскен жұмысшыларды, еңбек әулеттері мен жас мамандарды түрлі номинациялар бойынша марапаттады.

«Үздік жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Үздік еңбек династиясы», «Үздік жас өндіріс қызметкері» атты аталымдар бойынша іріктелген жеңімпаздар мен қатысушыларға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбековтың атынан Алғыс хат табысталды.

Алматы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшылығы, Алматы кәсіподағының аймақтық бірлестіктерінің төрағалары жиналған қауымды еңбектен қажымауға шақырып, жеңімпаздарды құттықтады.

«Еңбек жолы» байқауы жыл сайын еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып келеді. Оның басты мақсаты – еңбекке адал, өз ісінің үздігі болған азаматтарды көпшілікке үлгі етіп көрсету, жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Айта кетейік, байқаудың республикалық деңгейдегі



екінші кезеңі қазан айында өткізіледі, онда өңірлерден, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан таңдалған жеңімпаздар анықталады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Досымжан ЕРЛАНҰЛЫ,
байқау жеңімпазы:

ЖҰМЫСЫМ ЛАЙЫҚТЫ
БАҒАЛАНДЫ

2020 жылдан бері «Қазақстан теміржолы» компаниясында СОБ электрмеханигі болып қызмет атқарамын. Екі айға созылған байқауда үлкен додаға түстік, қарсыластар өте мықты болды. Ұсынған жұмысым лайықты деңгейде бағаланып, І орынды жеңіп алдым. Белсенді жастардың қатарынанбыз. Білім мен қызмет жолдан бөлек, экологиялық еріктілікпен және альпинизммен айналысамын әрі салауатты өмір салтын дәріптеймін.

БРИФИНГ

ЖАСТАРҒА ҚАШАН ДА ЖОЛ АШЫҚ

Биыл Алматының жастарын жұмыспен қамту мақсатында біраз жұмыс қолға алынды. Нәтижесінде жыл басынан бері 21 700 жас жұмысқа тұрған болса, олардың 15 700-і тұрақты, 6000-ы уақытша жұмысқа орналасты. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Кеңесбай осылай деді.



Нұржамал ӘЛІШ

Қазір Алматыда 712,3 мың жас бар. Олардың 442,3 мыңы жұмыс істейтіндер де, 280,7 мыңы – студенттер, ал шамамен 80 мыңы жоғары сынып оқушысы. Экономикалық белсенді жастардың саны – 472,1 мың адам, оның ішінде 452,6 мыңы жұмыспен қамтылған. Олардың 396,7 мыңы жалдамалы жұмысшылар болса, 56 мыңы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

«NEET-жастардың үлесі қазіргі уақытта 5,8%. Жыл сайын жоғары оқу орындарын шамамен 50 мың адам бітіреді. Олардың 60–80%-ы Алматыда қалып, осында жұмысқа орналасуға ұмтылады», – дейді Алмаз Кеңесбай.

Спикердің сөзіне сүйенсек, мегаполистегі 11 комьюнити-орталық та жастарды жұмыспен қамтып, қолдап, дамытуға көмектесетін орынға айналды. Сонымен қатар, Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Еңбек мобильділігі орталығы арқылы тұрақты және уақытша жұмысқа 8,4 мың жас орналасқан. Бұдан



бөлек, «Мансап компасы» цифрлық платформасын енгізіп, дамытып жатыр. Нәтижесінде аталған платформа арқылы 3,7 мың адам жұмыспен қамтылды.

Сондай-ақ, жұмыссыз тұлғаларды тіркеп, оларды қалалық Мансап орталығына бағыттау үшін call-орталық та құрылды. Жастарды ақпараттандыру мақсатында МИБ және ПИК-пен қыруар жұмыс істеліп жатыр, бұл комьюнити-орталықтарға келетіндер санын жылына 400 мыңнан 600 мың адамға дейін арттыруға мүмкіндік бермек.

«Жаңадан Career Speed Dating форматы да енгізілді. Мұнда жастар өзін таныстырып, компаниялар сол жерде өзіне керек маманды таңдап алады. Әр комьюнити-орталықта 5–10 серіктес жұмыс беруші орналасады. Олар кеңес беріп, жұмысқа алып, жастарды еңбек нарығына бейімдеуге көмектеспек», – дейді А.Кеңесбай.

1 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАРТТАР КҮНІ

Францияның сән апталығы:

«ӘЛЕМДІ ТАҢҚАЛДЫРҒАН ӘЖЕЛЕР»

Жобаның басты миссиясы – қазақ әжелерінің сымбаты мен парасатын, ұлттық киімнің мәдени байлығын жаһанға паш ету

Еуропаның ең беделді сән сахналарының бірінде ерекше мәдени бастама – «Әлемді таңқалдырған әжелер» жобасы таныстырылмақ.

Бұл жоба 1 қазан – Дүниежүзілік қарттар күніне және Қазақстанда дәстүрлі түрде аталып өтетін Қарттар айына арналады. Ол қарттарымызға деген терең алғыс пен құрметті, олардың даналығы мен қоғамдағы маңызды орнын айшықтайды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, аталмыш жоба қатысушыларының жасы – 60 пен 74 аралығында. Олар еліміздің әртүрлі өңірлерінен кастинг арқылы іріктелген. Еуропаның сән сахнасын бағындыруға 20 қатысушы аттанады. Көрсетілімдерде олар ұлттық нақыштағы «Ақ маржан» топтамасын ұсынбақ.

Жобаның авторы – Раушан Ануарбекова, танымал сәнгер, Еуразия Дизайнерлер одағының мүшесі, Ұлттық дизайнерлер академиясының академигі. Ол қазақтың ұлттық дәстүрінен шабыт алған заманауи топтамаларымен танымал және бұған дейін өз жұмыстарын Milan Fashion Week, Paris Fashion Week, Aspara Fashion Week сахналарында көрсеткен.

Жобаның басты миссиясында – қазақ әжелерінің сымбаты мен парасатын, ұлттық киімнің мәдени байлығын әлемдік сахнада паш ету. Заманауи сән тілі арқылы халқымыздың әжелер бейнесін таныстыру, олардың даналығын, әдемілігін және дәстүрге беріктігін көрсету көзделген.



Франция сән апталығында ұсынылатын жаңа топтама – тек ерекше шығармашылық жоба ғана емес, сонымен қатар мәдени әртүрлілікті, ұрпақтар сабақтастығын және дәстүрлердің сән арқылы жаһандық үнқатысуын дәріптеу болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

ТҮРКИЯ ТАҒЫЛЫМЫ

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлері
TRT академиясынан тәжірибеден өтті

Түрік тілін үйрену – 200 миллиондай халқы бар Түркі әлемінің қақпасын ашуға жақсы мүмкіндік. Бұрын хабарлағанымыздай, «ALATAU AQPAPARAT» медиахолдингі мен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған еді. Сол құжаттың негізінде түрік тілінің алғашқы курсын тәмамдаған бес журналист Анкарадағы Түрік телерадиокорпорациясынан (TRT) тәжірибеден өтіп келдік.

ТИКА: ортақ құндылықтар мекені

Халықаралық тағылымдама-дәрісімізге қолдау көрсеткен Түркияның ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі – ТИКА. Оның миссиясы ауқымды. 800-ге тарта қызметкері бар агенттіктің штаб-пәтерінде де болдық.

Сәл шегініс жасасақ. Сонау 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін, бірқатар түркі елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан) егемендігін алғаны белгілі. Бұл Түркия мен осы мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастардың жандануына жол ашты. Тілдің, тарихтың, мәдениеттің және этникалық ортақ құндылықтардың негізінде осы елдермен қарым-қатынасты дамыту мәселесі үнемі Түркияның назарында болған еді. Осыдан келіп әртүрлі салалардағы іс-шаралар мен жобаларды қаржыландыру, әзірлеу және үйлестіру үшін ұйым құру қажеттігі туындады. Сол мақсатта 1992 жылы ТИКА құрылды.

Иә, ТИКА түбі бір түркі елдері мен қауымдастықтарына ерекше назар аудара отырып, дамушы елдер үшін дамудың ресми көмегін ұйымдастыруға жауапты. Алғашқы жылдары Орталық Азиядағы білім беру және әлеуметтік жобаларға, мәселен, мектеп, университет, кітапханалар салу сынды мәселелерге баса назар аударылды. Одан соң қызметі Таяу Шығысты, Африканы және Балқанды қамту үшін кеңейтілді.

Танзаниядан кезі көрмейтін жүзден астам пациенттің отасына қолдау көрсетті. Тунис, Сомали, Ауғанстан, Чад, Солтүстік Македония да ТИКА-ның қолдауын көрді. Өзбекстандағы 580 пациентке реконструктивті пластикалық хирургия үшін қажетті медициналық персонал мен ресурстарды ұсынды; Босния мен Герцеговинадағы Ферхадие мешітін жөндеп берді; Габондағы Чатанга ауылына таза ауызсу жүйесін тартып берді; Камерунның Яунде қаласында зорлық-зомбылықтан қашқан әйелдер паналайтын үйді қалпына келтірді; Ауғанстанның Мазари-Шариф қаласындағы 7000 адамға арналған орта мектепті күрделі жөндеуден өткізген. Бұл мәліметтерді бізге ТИКА-ның штаб-пәтеріндегі «дөңгелек үстел» басындағы емен-жарқын әңгімеде агенттік басшысының орынбасары Фахрие ханымның өзі баяндап берді.

ТИКА аталған елдердің дәрігер, мұғалімінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің білімін жетілдіру мақсатында Түркияда тағылымдамадан өткізеді. Озық мамандарға стипендия тағайындайды. Халықаралық деңгейдегі көрмелерге қаржылай қолдау көрсетіп отырады. Мұқтаж елдерге қайырымдылық көмектен бөлек, техникалық



жағынан да жәрдем береді. Ал тарихи көне кесенелерді реставрациялаудағы еңбегі ұшан-теңіз. Мәселен, біздің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жаңғырту жұмысына да атсалысқан.

ТИКА шыққан тауларды тізе берсек, өте көп. Ең бастысы – адамзаттың игілігіне қызмет ететін әлеуметтік жобаларды әлі күнге қаржылай демеп келеді.

ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС:
ниет пен тілек

Беделді TRT корпорациясының былтыр ашылған TRT академиясында өткен тағылымдамамызды ұйымдастырған Ахмет Ясауи университеті Өкілетті кеңесінің Анкарадағы бас кеңсесіне баруға да уақыт таптық. Ондағы әріптестерімізге Алматының апорты мен «Қазақстан» шоколады ұсынып қуантық.

Қазақстаннан орын тепкен Ахмет Ясауи университеті – түркі әлеміндегі бірегей университет. Заманауи білім және ғылым саясатын жүзеге асыратын, тұрақты кәсіби және тұлғалық дамуды басшылыққа алатын инновациялық ЖОО. Жарғысы Қазақстан және Түркия Үкіметтерімен бекітілген. Осы ресми құжатқа сәйкес жасақталған үкіметаралық Өкілетті кеңесі бар. Біздің сапарға Еуразия халықтарының, оның ішінде түркі жұрағатының ортақ құндылықтарын дәріптеу мақсатында аталған университет жанынан құрылған Еуразия ғылыми-зерттеу институты (директоры

Суат Бэйлүр) қабырғасында түрік тілі курсын бітірген бізді Ахмет Ясауи атындағы университеті Өкілетті кеңесінің төрағасы, профессор Мұхиттин Шимшек мырзаның өзі Алматыда ресми қабылдап, Анкараға шығарып салған еді. Ниет, тілек жақсы болғандықтан сапарымыз да нәтижелі һәм жемісті аяқталды.

TRT: дәріс алаңы

Түркияның басты хабар таратушысы – TRT корпорациясының тарихы тереңде, 1964 жылы құрылған. Бүгінгі күні оның құрамына 18 ұлттық және халықаралық телеарна, 19 радиостанция, цифрлық жаңалықтар платформалары кіреді. Жаһанға 41 тілде радиоақпарат таратады. Оның ішінде, әрине, қазақ тілі де бар.

TRT академиясының Гюльчен Сакария, Айша Шимшек, Ильхан Гүзел, Жандан Алейна, Илияс Үміт Өзаяр, Биркан Коч, Эмир Текер, Юсуп Шахин сынды мамандары бізге бүгінгі жаһандану дәуіріндегі мобильді журналистика жайында білетін тәжірибесімен бөлісті. Мобильді журналистика (MoJo) – ақпаратты жинау, өңдеу және жариялау үшін смартфон, планшет сияқты мобильді құрылғыларды қолданатын жаңа журналистика бағыты.

Иә, күнде қолымызда жүретін алақандай ғана ұялы телефонмен-ақ фото, видео түсіріп, мәтін, дыбыс жазып, бірден өңдеп, интернет арқылы жариялау-

ға негізделген журналистика түрінің қыр-сырын оқыдық. Дәстүрлі журналистикадан артықшылығы – журналистке кәсіби камера, студия немесе монтаждық бөлме аса қажет емес. Барлық процесс бір құрылғыда, дәл сол мезетте жүзеге асады. Ал мұндай аудиторияға өтімді, сапалы цифрлы контенттер көбіне әлеуметтік желілерде немесе онлайн-басылымдарда қолданылады. Оқиғаны шұғыл таратасыз; ыңғайлы – қосымша ауыр техника қажет емес; әлеуметтік желі арқылы жылдам кері байланыс орната аласыз. Әрине, мобильді журналистика дәстүрлі журналистиканы толық алмастырмайды, бірақ оны жаңа деңгейге шығарып, аудиторияға жылдам әрі қолжетімді ақпарат жеткізуде зор мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, хэштегтің, түйінсөздің, инфографиканың, әлеуметтік медиадағы мониторингтің маңыздылығы туралы, шынайы ақпарат пен шындыққа жанаспайтын жалған ақпаратты қалай ажыратуға болатыны жайында дәрістер оқылды. Сабақ кезінде Қазақстанда, оның ішінде «ALATAU AQPAPARAT» медиахолдингіне де мобильді журналистиканың аса қарқынды түрде қолданылып жатқанын спикерлермен диалог барысында біз де баяндап отырдық.

Дәрістен соң іргелі TRT-нің тыныс-тіршілігімен танысып, түркиялық әріптестердің жұмыс орнын аралап, бір-бірімізге ықыласымызды білдірдік. Халықаралық тағылымдамадан өткенімізді айғақтайтын сертификаттымыз да осы күні қолымызға тиді. Бос уақытымызда Анкараның бағзыдан келе жатқан тарихи орындарының бірі – Анкара қамалын (Ankara Kalesi) және Түрік Республикасының алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүрік жерленген кесене-кешенді (Anıtkabir) араладық. TRT академиясы мен «ALATAU AQPAPARAT» медиахолдингі сынды мүдделес екі медиақұрылымның арасына алтын көпір орнағаны анық. Бауырлас екі елдің достығы да осындай байланыстар арқылы нығая түспек.

Нұржамал ӘЛІШ,
Алматы – Анкара – Алматы



«Academic City» жобасы:

ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

Алматыда халықаралық деңгейдегі жаңа жатақхана ашылды

Жатақхана Халықаралық білім беру корпорациясының білім беру инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған кешенді бағдарлама аясында салынды. Ғимарат заманауи қауіпсіздік жүйелерімен, коворкинг-аймақтарымен және цифрлық басқару технологияларымен толық қамтылған. Студенттер үйі кампус басқару жүйесіне толық қосылып, оқу процесімен үйлесімді жұмыс істейді. 339 студентке арналған нысанның ашылуына шаһар басшысы Дархан Сатыбалды қатысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жатақхана жобасы Алматы қаласының Бас жоспарында көрсетілген «Academic City» тұжырымдамасының бір бөлігі саналады. Жоспар бойынша алдағы екі жыл ішінде осы аумақта студенттер мен оқытушыларға арналған тағы бірнеше жаңа жатақхана, ғылыми-зертханалық орталықтар, коворкингтер, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым нысандары бой көтермек.

Халықаралық білім беру корпорациясы 2007 жылы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы мен Қазақ-Америка университетінің бірігуі нәтижесінде құрылған. Қазіргі таңда мұнда сәулет, құрылыс, дизайн, инженерия және басқа да шығармашылық бағыттар бойынша 16 мыңнан астам студент білім алып жатыр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Дархан Сатыбалды оқу корпусының жаңартылған нысандарын аралап көрді. Екі жыл бұрын толық реконструкциядан өткен бас ғимарат 1980 жылдардағы ескі кеңестік құрылысынан қазіргі заманға сай, жайлы әрі технологиялық оқу кеңістігіне айналған. Мұнда

студенттерге арналған зертханалар, ғылыми-инновациялық орталықтар, соның ішінде қалалық зерттеулерге арналған арнайы зертхана, Массачусетс технологиялық институты үлгісіндегі зертхана бар. Бұл орталықтар қаланың дамуына үлес қосатын жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқу ордасында сейсмология саласына арналған еліміздегі бірегей оқу-ғылыми зертханасы жұмыс істейді. Мұнда студенттер ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігін арнайы сейсмоплатформада тексеруге мүмкіндік алады. Алматы сейсмикалық белсенді аймақта орналасқандықтан, мұндай зертхана қала үшін маңызды.

«Басты ерекшелігі – студенттерге барынша жайлы әрі заманауи жағдай жасалған. Қазіргі таңда бұл нысан Алматы қаласындағы 129-шы студенттік үй болып тіркелді. Ғимараттың төменгі қабатында студенттерге арналған коворкинг орталық бар. Бұл жерде студенттер топпен немесе жеке сабақ оқуға, планшет пен MacBook компьютерлерін пайдаланып жобаларын сызуға, шығармашылық жұмыстарын орындауға мүмкіндік алады», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақтияр АСЫЛБАЙҰЛЫ,
Халықаралық білім беру корпорациясының ректоры:

Барлық жағдай жасалған

Жатақхана жаңа форматта салынған. Әр бөлмеде асүй, санитарлық торап, жұмыс аймағы бар – студенттердің жайлы тұруына және оқуына барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ, коворкинг аймақтарын аштық. Бұл жерлерде студенттер бос уақытында шығармашылықпен айналысып, жобаларын жүзеге асыра алады. Біздің университет архитектура, құрылыс, дизайн, инженерия сияқты шығармашылық бағыттарға бейімделген. Сондықтан коворкинг алаңдарында Samsung, Apple секілді серіктестерімізбен бірге сертифицирталған зертханалар құрдық.

Біздің материалдық-техникалық базамызға қала әкімі Дархан Сатыбалды ерекше назар аударды. Әсіресе, Массачусетс технологиялық институты үлгісіндегі қалалық зерттеулер зертханасын атап өтті. Сонымен бірге, бізде Қазақстандағы жалғыз оқу-ғылыми сейсмика зертханасы бар.

Мұнда сейсмоплатформа арқылы ғимараттардың жер сілкінісіне төзімділігі тексеріледі. Алматы сейсмикалық аймақта орналасқандықтан, бұл зертхана өте маңызды.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

АС МӘЗІРІ СТАНДАРТЫ:

оқушылар тамағы – дәмді әрі денсаулыққа пайдалы болуы тиіс

Биыл 1 қыркүйектен бастап Алматы қаласының барлық мектептерінде заманауи санитарлық талаптар мен мамандардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленген мектеп тамағының стандарты енгізілді. Оның мақсаты – балаларды дәмді әрі пайдалы тағамдармен тамақтандыру, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және ата-аналардың мектеп тамақтану жүйесіне деген сенімін арттыру.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Досбол
АТАЖАН

Осыған орай Алматы қаласындағы тамақ сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ мектептердегі бірнеше мектепте тексеру жүргізді. Атап айтқанда, Бостандық ауданында №105 мектеп-гимназиясы, Алмалы ауданында №95 мектеп-лицейі, Әуезов ауданында №133 мектеп-гимназиясы және Алатау ауданында №209 мектеп-гимназиясы сараланды. Оның нәтижесі бойынша балаларға ұнайтын пайдалы тағамдарға назар аударылды, ұстаздар мен ата-аналардың тілек-ұсыныстары ескерілді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағжанар МҰХАМАДИЕВА,
Эпидемиологиялық бақылау
бөлімінің басшысы:

Санитарлық нормалар қатаң сақталады

2025 жылдан бастап қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мектептердегі ас мәзірін бекітеді. Бұл мәзір Тамақтану институтының ұсыныстары негізінде әзірленіп, білім басқармасымен келісілген. Қазір біз мектептерді аралап, жаңа мәзірдің қалай қабылданып жатқанын өз көзімізбен бақылап жүрміз. Жаңа мәзірдің басты айырмашылығы – дайын тағамдардың құрамындағы қант пен тұз мөлшері азайтылды. Бұл балалардың дұрыс әрі пайдалы тамақтануына бағытталған. Мәзірді әзірлеу барысында Тамақтану институтының барлық ұсынымдары толық ескерілді. Сондықтан оның қауіпсіздігі мен сапасына кепілдік беруге болады.

Мектеп асханаларын жалға алушыларға ортақ талап қойылған – санитарлық нормалар мен ережелерді қатаң сақтау. Бұл ең алдымен тамақтану уланудың алдын алу үшін қажет. Қадағалау жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Әр мектепте арнайы бракераждық комиссия құрылған. Оның құрамында жауапты тұлғалармен бірге мектеп медбикесі де бар. Олар күн сайын тағамның дайындалу барысын, сапасын бақылап, қандай да бір сәйкессіздік анықталса, дереу шара қолданады.



ШАХМАТ

ЖАҢАНДЫҚ ЖАРЫС

30 қыркүйекке дейін жалғасады

Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында шахматтан кадеттер (U8, U10, U12) арасындағы әлем чемпионаты өтіп жатыр. 19 қыркүйекте басталған жарыс 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Аталған додаға әлемнің 88 елінен 850-ден астам жас шахматшы қатысуда. Атап айтқанда, Үндістаннан – 28, Қытайдан – 25, АҚШ-тан – 24 спортшы қатысады. Қазақстан намысын 200-ден астам адам қорғайды. Оның ішінде Алматыдан – 86 бала, Астанадан – 47 бала және басқа өңірлерден де өкілдер бар. Қазір чемпионаттың 6 туры артта қалды. Чемпионаттың дәл жартысы артта қалды. Алдағы бес тур шешуші болмақ.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Асылхан ҚАРАЕВ:

БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

Жаһандық біріншілік аясында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, шахматтан Алматы қаласының аға жаттықтырушысы Асылхан ҚАРАЕВпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Алдымен Алматыда өтіп жатқан кадеттер арасындағы шахматтан әлем чемпионаты туралы айтып берсеңіз. Қазақстан шахмат федерациясы мен Алматы қаласы үшін мұндай әлемдік деңгейдегі турнирді өткізудің маңызы қандай?

– Мұндай деңгейдегі турнирлер Қазақстан шахмат федерациясының халықаралық аренадағы беделін арттырады әрі Алматы қаласын шахмат орталығы ретінде танытады. Бұл турнир жас спортшыларға тәжірибе жинауға, өз шеберлігін шыңдауға үлкен мүмкіндік береді.

– Әлемдегі шахмат державалары деп кімді айта аламыз? Олармен салыстырғанда еліміздегі шахматтың деңгейін қалай бағалайсыз?

– Әлемдегі шахмат державаларының қатарында Үндістан, Ресей, Қытай, АҚШ, Армения және Өзбекстанды атауға болады. Қазақстан соңғы жылдары айтарлықтай қарқын алып келе жатыр. Әсіресе, қыз-

дар құрамасы мен жасөспірімдер арасында жетістіктер көп. Әлемдік грандтармен салыстырғанда біз енді қалыптасып келе жатқан жас мемлекетпіз, бірақ даму динамикасы өте жоғары.

– Алматы қаласы Қазақстан шахматында қандай орынға ие? Басқа аймақтармен салыстырғанда Алматының ерекшелігі неде?

– Алматы – еліміздің шахмат орталығы деуге болады. Мұнда ең ірі турнирлер өтеді, мықты шахмат мектептері мен клубтар шоғырланған. Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда, Алматыда балаларға арналған секциялар көп, халықаралық деңгейдегі жаттықтырушылар жұмыс істейді, сондықтан бұл қалада таланттардың шыңдалуына жағдай жасалған.

Алматыда үміт артатын жас спортшылар өте көп. Соның ішінде жас халықаралық шеберлер мен гроссмейстер атағына таласып жүрген ойыншыларды ерекше атап өтуге болады. Жақында әлемдік аре-

нада көзге түскен жасөспірімдеріміздің жетістігі – олардың болашағы зор екенін көрсетеді.

– Жалпы, шахматтың баланың логикалық ойлауына, мінез-құлқына және білім алуына тигізетін пайдасы қандай?

– Шахмат – логикалық ойлауды дамытатын бірегей спорт түрі. Ол баланың есте сақтау қабілетін, есептеу дағдысын, алдын ала жоспарлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, сабырлылыққа, ұтымды шешім қабылдауға, қарсыласына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Бұл тек спорт емес, өмір мектебі деуге болады.

– Әлемде шахматты мектеп бағдарламасына енгізу тәжірибесі бар. Бізде мектепте шахмат міндетті үйірмеге айналуы мүмкін бе?

– Әлемде шахматты мектеп бағдарламасына міндетті пән немесе үйірме ретінде енгізген елдер бар, мысалы – Армения, Үндістан. Бізде де бұл тәжірибені қолдануға толық негіз бар. Қазірдің өзінде көптеген мектепте факультативтік сабақ



ретінде енгізілуде. Болашақта шахматтың жалпыға бірдей үйірме ретінде енгізілуі әбден мүмкін.

– Шахматшылардың бір күндік жаттығуы қалай өтеді? Олар жарыстарға қалай дайындалады?

– Шахматшының бір күндік жаттығуы өте мазмұнды өтеді. Көбіне дебюттік теорияны, яғни алғашқы қадамдарды талдау, белгілі партияларды зерттеу, комбинациялық есептер шығару, практикалық ойындар ойнау және турнирлік дайындық жүргізіледі. Жарыс алдындағы дайындық психологиялық тұрақтылықты шыңдау мен физикалық жаттығуларды да қамтиды, өйткені ұзақ партияларда төзімділік пен көңіл күйдің орнықты болуы аса маңызды.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ҰЛТТЫҚ БРЕНД

«ALMATY MARATHON»

додасына 60-тан аса елден 16 мыңнан астам адам қатысады

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Халықаралық ауқым мен рекордтық белес

Almaty Marathon – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастыратын еліміздегі жалғыз халықаралық марафон. Бұл жарыс биыл 14-ші рет Республика алаңынан бастау алады. Қатысушылар саны жылдан-жылға артып келеді. Әсіресе, биылғы көрсеткіш ерекше. Жарысқа қатысуға 1200-ден астам шетелдік атлет өтінім берсе, 1500-ге жуық адам толық марафонға (42,2 км) қатысады. Бұл – Almaty Marathon тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жүгіру бағыттары бірнеше қашықтықты қамтиды. 42,2 км марафон, 21,1 км жартылай марафон, 10 км және скандинавиялық жүріс. Ал корпоративтік командалар үшін «Экиден» эстафетасы қарастырылған. Барлық мәрешілерге арнайы медаль табысталады, ал негізгі қашықтық жеңімпаздарына ақшалай сыйлық, сертификат, медаль мен кубок ұсынылады.

Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Ғалымжан Есенов шараның маңыздылығын атап өтті:

«Бұл марафон адамдарды біріктіреді, туризмді дамытады, бизнесті қолдайды және Қазақстанның халықаралық беделін арттырады. Биыл біз рекордтық көрсеткішке жеттік – 60-тан астам елден 1200-ден астам шетелдік қатысушы тіркелді», – деді ол.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қайырымдылық пен қоғамға қызмет

Almaty Marathon жыл сайын спорт қана емес, әлеуметтік қолдау алаңы болып келеді. Жұмысын бастаған күннен-ақ қатысушылардың сөрелік жарналарынан түскен қаржының бір бөлігі балаларға арналған әлеуметтік жобаларға бағыттауда. Биыл «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры «AYALA» қайырымдылық қорымен бірлесіп, Шымкент пен Түркістан облысындағы екі перинаталдық орталыққа 106 241 284 теңгеге арнайы диагностикалық құрал-жабдық тапсырды. Жалпы 14 жыл ішінде қор 370 миллион теңгеден астам сомаға жобаларды жүзеге асырды.

Бұл жобалар нәрестелер арасындағы мүгедектік деңгейін төмендету, спортқа қолжетімділікті арттыру және ұлт денсаулығын нығайту мақсатында іске асырылады. Жаңа қайырымдылық бастамалары туралы ұйымдастырушылар жақын арада хабарлайды.

Қордың атқарушы директоры Салтанат Қазыбаеваның айтуынша, «Almaty Marathon бірнеше жылдан бері инклюзия, ұйымдастыру сапасы және ауқымы бойынша көшбасшы болып келеді. «Біз тек спорттық іс-шара ғана өткізбейміз, адамдарды саналы түрде спортпен шұғылдануға баулимыз. Community Almaty Run кездесулерінде біз тек бірге жүгіруді емес, спорт пен экология тақырыптарын да талқылаймыз», – деді спикер.

Қауіпсіздік пен жайлылық – басты назарда

Жүгірушілердің қауіпсіздігі үшін Алматы қалалық полиция департаменті, жарыстың бас дәрігері және ұйымдастырушылар бірігіп, Оқиғаларды басқару орталығын құрды. Барлық қашықтық бойында 10 веломедик, 90 медициналық волонтер, 13 медициналық бекет және 12 жедел жәрдем көлігі қызмет көрсетеді. Сөре-мәре қалашығында арнайы госпиталь орнатылады.

Қатысушылар мен жанкүйерлердің жайлылығы да ескерілген. Биылдан бастап қосымша ана мен балаға арналған бөлме, толық гигиеналық құралдармен жабдықталған әйелдерге арналған эколо-ханалар және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған әжетханалар қолжетімді болады.

Экология мен жауапкершілік

Almaty Marathon экологиялық мәдениетті де насихаттайды. Ұйымдастырушылар бір реттік құрылымдарды азайтып, жергілікті компаниялармен бірге қалдықтарды қайта өңдеуді қолға алды. EcoNetWork серіктесі интерактивті экологиялық аймақ орнатады. Қатысушылар қажетсіз жылы киімдерін арнайы бокстарға қалдырып, «Тепло» жобасының еріктілері оларды мұқтаж жандарға жеткізеді.

Almaty Marathon бүгінде Қазақстанмен қоса, бүкіл аймақтағы ең ірі марафон болып отыр. Ол AIMS халықаралық қауымдастығына тіркелген және World Athletics стандарттарына сай сертификатталған. Сонымен қатар, марафон түркі марафондар сериясы – TAN-ға кіреді. Бұл жоба – денсаулықты нығайтумен қатар, еліміздің оң имиджін қалыптастыратын ұлттық спорттық брендке айналды. Қатысушы болсын, жанкүйер болсын – әрбір адам өзін осы мерекенің бір бөлігі ретінде сезіне алады.



ФУТБОЛ

УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі:

АЛМАТЫ – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

30 қыркүйекте Орталық стадионда «Қайрат» пен «Реал Мадрид» арасындағы ойын өтеді

Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия», Финляндияның «КуПС», Словакияның «Слован», Шотландияның «Селтик» командаларын жеңіп, негізгі кезеңге шыққан «Қайрат» енді әлем танитын азулы қарсыластармен кездеседі. Алматылық ұжым өткен аптада топтық кезеңдегі алғашқы кездесуін өткізіп те үлгерді. Әйгілі Криштиану Роналдуды тәрбиелеген «Спортингке» қарсы сырт алаңда өткен ойында отандық команда 4:1 есебімен есе жіберді. Бұл жанкүйерлер күткен нәтиже болмаса да, қорғаныста жатып қалмай, қызықты ойын көрсеткен өз командасын алматылықтар қатты сынаған жоқ.

Досбол
АТАЖАН

Билеттер санаулы сағаттарда-ақ сатылып кетті

Чемпиондар лигасындағы «Қайрат» келесі ойыны Алматыда өтеді. Еліміздің алып мегаполисіне еуропалық турнирдің 15 дүркін чемпионы – испаниялық «Реал Мадрид» келеді. Бұл ойын Алматы мен Қазақстан ғана емес, көршілес мемлекеттердің жанкүйерлері арасында асқан қызығушылық тудырып отыр. Оның дәлелі – матч билеттері сатылымға шыққан соң, санаулы сағаттарда билеттер толық өтіп кетті. Жалпы, 22 800 орны бар Орталық стадионға матч күні келу үшін бір сәтте 200–300 мыңға жуық адам кезекке тұрған.

Әлеуметтік желілерде адамдар сатылым жүргізілген сайттардың қатып қалғанын, кезек келген кезде де жүйенің жұмыс істемей қалғанын, кей жағдайда жүйенің оларды кезек соңына қайта лақтырып жібергенін жазып, шағымданды. Оған Ticketon коммуникациялар директоры Азамат Атагелді жауап берді.

– Сатылымның шарықтау сәтінде платформада бір мезетте 1 миллионнан астам қолданушы болды. Ал стадионның сыйымдылығы – небәрі 20 мың орын. Бәріне орынның жетпейтіні анық. Әділетті өткізу үшін бар күшімізді салдық. Билет сату барысында әр ЖСН-ға бір ғана билет, бір қолға екіден артық емес деген шектеу қойылды. Бұл



шектеу нағыз шынайы жанкүйерді қорғау мақсатында енгізілген еді. Алыпсатарлыққа жол берілмеді, – деді ол.

Сондай-ақ, Ticketon өкілі жанкүйерлерді абай болуға, күмәнді сайттарға, «қолдан-қолға» сатылады деген ұсыныстарға сенбеуге шақырды. Айтуынша, ақшадан айырылып, стадионға кіре алмай қалу қаупі бар.

Команда дайындығы қалай?

«Реал Мадридке» қарсы ойын алдында Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Қайрат» футбол клубының бас бапкері Рафаэль Уразбахтин және команда ойыншылар Әділет Садыбеков, Александр Широбоков брифинг өткізді. Рафаэль Уразбахтин маңызды ойын алдында команданың дайындығы туралы айтты.

– Алғашқы ойында кішкене қобалжу сезілді. Бірақ қазір біз жоғары деңгейде 9 матч өткіздік. Сондықтан жігіттерде қатты уайым болады деп ойламаймын. Ажиотаж бен мұндай эмоцияларға үйреніп қалды. Қосымша қысым болмайды, қайта олар үшін мотивация болады. Қуаныштысы, матч Алматыда өтеді. Жанкүйерлер бұрын тек теледидар арқылы көрген әлемдік футбол жұлдыздарын көзбе-көз көре алады. Бұл ойынды біз үлкен үмітпен күтіп отырмыз. Сондықтан лайықты өнер көрсетуге тиіспіз. Қазір қандай да бір нәтиже туралы айтқым келмейді, бірақ ең бастысы – сапалы ойын көрсетуіміз керек, – деді ол.

Сонымен қатар, бапкер Чемпион-

дар лигасының алдыңғы ойындарында қолданылған схемаға күтпеген өзгерістер енгізілмейтінін айтты.

– Мұндай қарсыластармен тек алға ұмтылып шабуылдай беру немесе керісінше тек қорғаныста жатып алу мүмкін емес екен. Мұнда тепе-теңдік керек. Оларда жеке шеберлігі мықты футболшылар көп, мұндай қарсыласқа қарсы әрекет ету оңай емес. Кей ойыншылардың қимылын жауып, өзімізге артықшылық тудыратын сәттерді ойластыру қажет. Өйткені, бір-бірге қалып, қорғаныс жасау қиынға түседі. Бірақ біз тек қорғаныста отыра бермейміз. Барлық матчтарда шабуыл мен қорғанысты қатар алуға тырысып келеміз, – деді ол.

Қақпашылар сапқа оралады

Команданың бас бапкері Рафаэль Уразбахтин «Реал Мадридке» қарсы ойын алдында жарақат алған қақпашылардың жағдайына тоқталып өтті.

– Темірлан Анарбеков емханадан шықты. Біздің базаға да келді. Бірақ қазір ол қатты аузын аша алмайды, өйткені жағы таңылған. Алдағы күндері оны шешкеннен кейін біртіндеп жаттығуға кірісе алады. Оған орнатылған титандардың жазылғаны қажет. Дәрігердің айтуынша, реабилитация ойдағыдай өтіп жатыр. Ал Александр Заруцкий бірнеше күннен кейін жаттығуға кіріседі. Сондықтан алдағы уақытта оған да сенім артамыз. Шерхан Қалмұрза қазір бізде негізгі болып тұр. Дегенмен, тағы бірнеше жас қақпашымыз бар. 1-2 аптадан кейін барлық

қақпашыларымыз сапқа оралады деп ойлаймын, – деді ол.

Еске салайық, Глазгода өткен «Селтикке» қарсы ойында Александр Заруцкий алған жарақатына байланысты алаңнан кетуге мәжбүр болды. Оны 21 жастағы Темірлан Анарбеков ауыстырды. Одан кейін ел біріншілігі аясында «Ақтөбеге» қарсы матч кезінде Темірланнның өзі жарақат алып, оны 18 жастағы Шерхан Қалмұрза ауыстырды.

Брифинг барысында Рафаэль Уразбахтин Орталық стадионындағы көгалдың жағдайы туралы да айтты.

– Оларда деңгейі жоғары ойыншылар, сондықтан біздің алаңда ойнау қатты қиындық тудырады деп ойламаймын. Сонымен қатар, біздің газонның сапасы сондай жаман деп айта алмаймын. Қызметкерлеріміз оны күтіп ұстайды, қолдарынан келгенін істеп жатыр. Тіпті, «Селтик», «Слованға» қарсы өткен ойындарға қарағанда көгал әлдеқайда жақсара түскен. Мүмкін ең жақсы алаң емес шығар, ең жаманы да емес, – деді бапкер.

17 жастағы жас жұлдыз

БАҚ өкілдерінің сұрағына жауап берген Рафаэль Уразбахтин 17 жастағы шабуылдаушы Дастан Сәтпаевтың команда үшін қаншалықты маңызды екенін айтты.

– Біз әдейі Дастанға бағыттап тактика құрмаймыз. Бірақ ол өте маңызды ойыншы – тек біздің команда үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін деуге болады. Кейінгі уақытта бізде мұндай жарқын жас ойыншы болмаған. Сондықтан барлығымыз оның әрі қарай дамып, тек «Қайрат» клубын емес, елді де танытатынына сенеміз. Оны басқалардан бөліп қарастырмаймыз, командалық ойынды жалғастырамыз. Ол әлі талай гол соғатынына үміттенеміз. Ол шабуылшы, гол соғу өте маңызды, бұл – оның жұмысы. Өзі де ұзақ уақыт гол соқпай қалса, қатты уайымдайды. Алдағы ойында бізді қуантатын гол сыйласа дейміз, – деді бапкер.

Айта кеткен жөн, ел біріншілігі аясында «Жеңіске» қарсы өткен кейінгі ойында Дастан Сәтпаев екі гол соғып, командасына жеңіс сыйлады.



КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



69 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Оның 32–сі ұл, 37–сі қыз

Қала күні Алматы перзентхана-ларында 69 сәби дүниеге келді, оның 32–сі ұл, 37–сі қыз бала. Иә, бұл күн ондаған отбасы үшін ерекше есте қалды. Сүйікті қаланың туған күнімен қатар олар перзентінің дүниеге келгенін де тойлады.

«Енді бұл мереке біздің әулет үшін ең басты күнге айналды. Қызымыздың туған күнін бұдан былай алматылықтармен бірге тойлаймыз», – деді жас ана қуанышын бөлісіп.

Қаланың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өмірге келген барлық нәресте мен олардың аналарының жағдайы жақсы екенін хабарлады. Ал мереке қарсаңында қалалық Перинаталдық орталықта сирек әрі ғажайып оқиға болды – үшем дүниеге келді.

СӘТТІ ОТА

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматы дәрігерлері аорта аневризмасының жарылуынан зардап шеккен адамның өмірін сақтап қалды

Алматыда Орталық қалалық клиникалық аурухананың дәрігерлері медицинадағы ең қауіпті жағдайлардың бірі – құрсақ аортасының аневризмасы жарылған науқастың өмірін сақтап қалды.

Пациент қабылдау бөліміне ауыр жағдайда жеткізілген. Профессор Серік Тұрсынбаев пен қан тамыр хирургиясы бөлімінің меңгерушісі Рахман Сапарбаевтың бірлескен тексеруінің нәтижесінде бірден диагноз қойылды: құрсақ аортасының аневризмасы жарылуы.

Бұл жағдай көбіне қайғылы аяқталады. Медициналық статистикаға сүйенсек, мұндай науқастардың 90%-ы ауруханаға жетпей көз жұмады, ал жедел операция жасалғандардың тек 10–20%-ы ғана аман қалады.

Санаулы минуттар ішінде анестезиологтар Игорь Кимнің жетекшілігімен науқасты операцияға дайындады. Кейін қан тамыр хирургтарының бригадасы аса күрделі операция – аневризманы резекциялау және аортаны протездеуді сәтті жүзеге асырды. Араға екі күн салып науқастың



жағдайы тұрақталып, ол жансақтау бөлімінен жалпы палатаға ауыстырылды. Бүгінде ол өздігінен қозғалып, үйіне шығаруға дайындалуда.

Аневризманың алдын алудың ең тиімді жолы – оны дер кезінде анықтау. 65 жастан асқан ер адамдарға, әсіресе шылым шегетіндерге, ауру қаупін жоққа шығару үшін құрсақ қуысының УДЗ-ін бір рет өткізу жеткілікті. Сондай-ақ, темекіден бас тарту және қан қысымын бақылауда ұстау аневризма дамуының

ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Ал егер аневризма анықталса, қан-тамыр хирургінің тұрақты бақылауында болу жоспарлы операция жасауға мүмкіндік береді. Бұл – шұғыл операцияға қарағанда ондаған есе қауіпсіз.

Пациент өзіне екінші өмір сыйлаған кәсіби шеберлігі, үйлесімді іс-әрекеті және жанқиярлық еңбегі үшін Орталық қалалық клиникалық аурухана ұжымына шынайы алғысын білдірді.

КОКСАРТРОЗ

ЗАМАНАУИ ЭНДОПРОТЕЗ

жамбас буынын ауыстыру отасы сәтті жасалды

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға жоспарлы түрде бірнеше жыл бойы жамбас буынындағы кеселінен қиналып жүрген әйел түсті. Оның қиналғаны соншалық, күнделікті қарапайым үй тірлігін жасаудан қалған. Жүру де мұң бола бастаған. Медикаментозды ем мен физиотерапия көмектеспегендіктен, жалғыз шешім – операцияға келісті.

Травматолог-ортопед Саламат Тойымбетовтың айтуынша, коксартроз – буын ауруларының ең кең таралған түрлерінің бірі. Ауру біртіндеп дамып, шеміршек тінін бұзып,

жүріп-тұруды шектейді. Тіпті, кейінгі сатыларда науқас мүлде жүре алмай қалуы да мүмкін.

– Бұл жағдайда ауру асқынып кеткен, буын толықтай бұзылған еді. Емдеудің жалғыз тиімді жолы эндопротездеу болды, – деді С.Тойымбетов.

Операция сәтті өтті, науқасқа заманауи эндопротез орнатылды. Алда оны оңалту кезеңі күтіп тұр.

Дәрігер медициналық көмекке дер кезінде жүгіну буынды сақтап қалуға және аурудың дамуын баяулатуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Жамбас тұсындағы ауырсыну немесе қозғалыстың шектелуі байқалған жағдайда, ортопедке баруды кешіктірмеу керек.

АКЦИЯ

«СІЗ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССІЗ»

Алматыда жүріп-тұруы қиын егде жастағы науқастарға медициналық көмек ұйымдастырылды

«Қарттар айлығы» аясында №11 қалалық емхана жүре алмайтын және жүруі қиын науқастарға, мүгедектерге және жалғызділікті зейнеткерлерге медициналық көмек көрсету шеңберінде акция өткізді.

Егде жастағы адамдарға диагностиканың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында емхана көлігі пациенттерді тексеруден өткізуге әкеліп, сосын үйлеріне жеткізіп салды. Барлық зерттеу кезексіз жүргізілді. Пациенттер ультрадыбыстық

зерттеу, ЭхоКГ, рентгенография, компьютерлік томографиядан өтіп, дәрігерлерден кеңес алды.

Акцияға науқастарды жол бойы алып жүрген әлеуметтік қызметкерлер де қатысты. Қала тұрғындары мен олардың туыстары осындай іс-шараның маңыздылығын атап өтіп, ұйымдастырушыларға қамқорлығы үшін алғыс айтты.

Мұндай бастамалар жалғызділікті зейнеткерлерге уақытылы тексерістен өтіп, медициналық қызметкерлер тарапынан қолдау алуына мүмкіндік беріп, медициналық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

көлігі табысталды

№1 қалалық клиникалық ауруханасы тағы бір жаңа жедел жәрдем көлікке ие болды. Заманауи «JAC Sunray» маркалы арнайы автокөлік пациенттерді жедел тасымалдауды қамтамасыз етіп, мегаполистің жедел қызмет көрсету мүмкіндігін айтарлықтай арттырмақшы.

Көлікті тапсыру рәсімі жеке инвестордың бастамасымен өтті. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Иманғалиева

қатысты. Ол инвестор өкіліне басқарма басшысы Марат Пашимовтың атынан «Алғыс хат» табыстап, бұл медициналық көмекті дамытуға қосылған үлкен үлес әрі медицина қауымдастығы мен пациенттер үшін маңызды қолдау екенін атап өтті.

Жаңа техниканың келуі аурухананың арнайы көлікке деген маңызды қажеттігін өтеуге мүмкіндік береді.

Көпбейінді стационарда заманауи жедел жәрдем көлігінің болуы қаланың денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігіне және тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасына тікелей әсер етері сөзсіз.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



ОРАЗАҚ СМАҒҰЛҰЛЫ – 95

ТҰҢҒЫШ АНТРОПОЛОГ

Қазақтың бес мың жылдық тарихын зерттеген жанкешті ғалым туралы бірер сөз

Оразақ СМАҒҰЛҰЛЫ – еліміздегі алғашқы этникалық антропология зертханасын құрған, биологиялық-генетикалық деректерге негізделген зерттеулері бойынша қазақ халқының бес мың жылдық тарихы бар екенін дәлелдеген профессор, қазақтан шыққан тұңғыш антрополог, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, ҰҒА-ның академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты.

Шыңдалған өмір

Анасы 33-жылғы ашаршылықтан көз жұмған. Ол кезде Оразақ екі жастан енді ғана асқан сәби екен. Шешесі аштықтан өліп жатқанда, бір күн бойы бауырында омырауына жабысып алып, еміп жатқан жерінен туыстары құтқарып қалған көрінеді. Ал әкесі ол кезде азық іздеп Ресейге кеткен екен. Бақытына орай, әкесі 99 жыл өмір сүріпті. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тауқыметті ешқашан ұмытпақ емес. Ашқұрсақ, үстіне шоқпыт-шоқпыт киім ілген 12-13 жастағы балаларды қара жұмысқа жегетін ол кезде. Өзеннің арғы бетінде орыстың жері, сондағы диірменге астық апарып тартатын. Қарасирақ балаларды арбаға да отырғызбайтын, арбаның соңында ілбіп келе жатып та көз ілдіріп алатын еді-ау. Сол өрендерді сондай күндер шыңдаған!

«Анамды, халқымды аштықпен қасақана қырып тастаған жүйеге мен қалай қызмет етпекпін?!» деген ұстаныммен өмір сүрген Оразақ Смағұлұлы қылышынан қан тамған партия кезінде өмір сүрсе де, ешқашан партия қатарына өтпеген адам.

«Жасым болса біразға келді, бірақ әлі күнге ана мейірімін аңсап, көңілімнің ортайып тұратыны бар. Бұл – маңдайыма жазылған тағдырым ғой. Құдай мені сол бір зұлматтан аман алып қалғанда қазақтың сан ғасырлық тарихын жазуға мүмкіндік берген шығар деп ойлаймын», – дейді бір естелігінде.

Антропологияға апарар жол

Антрополог-ғалымның осы бір күрделі салаға қалай келгенінің өзі қызық. Сонау 1952 жылы қазіргі Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетінде оқып жүргенде іргеміздегі Жетісу өңіріне жасалған археологиялық экспедицияға қатысады. Сонда байқағаны, қазба жұмыстары кезінде табылған артефактілерді түгел жинап алады екен де, адамның қаңқа сүйектерін аяқ астына қалай болса солай тастап жүре береді. Содан адам сүйегін зерттеуге деген құмарлығы оянады. Ал антропология ғылымы ана құрсағында жатқан баладан бастап, қайтыс болған адамның қаңқа сүйегіне дейін зерттеп, адам денесінің құрылысын, жынысын, жасын, ауру түрлерін, қан жүйелерін, бойының биіктігін, салмағын, генетикалық құрылымын анықтай алады.

Экспедициядан оралған соң медицина институтындағы «Қалыпты адам анатомиясы» деген кафедраның есігін қағады. Кафедра меңгерушісі Нұрыш Бөкейханов деген профессор «адам сүйегін зерттегім келеді» деп қасқайып тұрған көзінде оты бар жігітке бірден



(Суреттер: ашық дереккөзден).

Оразақ Смағұлұлы – қазақ халқының шығу тегін палеоантропология, этникалық краниология, серология, соматология, одонтология, дерматоглифика деген алты сала бойынша зерттеген жанкешті ғалым. Оған отыз-қырық жылын сарп еткен. Тың зерттеулерін алға тартып, халықаралық симпозиумдарда, Қытай, Жапония, Германия, Түркия, Үндістан, АҚШ, Ұлыбритания мінберлерінде баяндамалар жасаған. Сөйтіп, қазақ халқының 50 ғасырлық тарихын зерттеп, ғылыми тұрғыда дәлелдеп, жаһан ғалымдарына мойындатқан тұлға.

қолдау көрсетеді. Сөйтіп, Тарих факультетіндегі оқуын да үзбей, медицина институтының дәрістерін де тыңдай бастайды.

Оған әуелі мәйітханамен жұмыс істеу тапсырылады. Ол жерден адамның дене құрылысы мен ішкі ағзаларының орналасу тәртібін үйреніп шығады. Институтты бітіретін жылы Одақтан «жергілікті ұлт өкілдерінен антропология саласына маман дайындаймыз» деген хабар түседі. Сөйтіп, қазақ балаларының арасынан алғашқы болып, 1957 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының жолдамасымен Мәскеуге бет түзейді.

Қаныш Сәтбаев пен Өзбекәлі Жәнібековтің шарапаты

Кейіпкеріміз «Сәтбаев болмағанда, қазіргі Смағұлұлы да болмас еді» дегенді жиі айтып отырады. Оның сыры мынада.

Оразақ Смағұлұлы Мәскеуде Қазақ КСР Ғылым академиясының жолдамасымен оқып жүргенде, мәскеулік ғалымдар «Қазақстанға қатысты тақырып таңдай алмайсың. Өйткені, онда сен зерттейтін сүйек қоры жоқ» дегенді айтады. Бір күні ұстазы Г.Дебец «Таяуда Мәскеуге ҚазКСР Ғылым академиясының басшысы Қаныш Сәтбаев келеді. Сен сол жерлесіңмен қалайда тілдесіп, мәселеңді шешіп ал», – деп кеңес береді. Жолығады. «Маған ерте заманғы адамдардың сүйегі керек. Оларды бүгінгі қазақтардың сүйегімен салыстырып, зерттесем деймін. Сол үшін экспедиция жасақтап берсеңіз» деген Смағұлұлына Сәтбаев бір аптадан кейін хабар беремін дейді. Бір жеті емес, арада үш күн өткенде-ақ мәселесі шешіліп сала береді.

Сөйтіп, Оразақ Смағұлұлы экспедиция

басшысы болып, үш ай мерзімге төрт ғылыми қызметкер Семей облысына жүріп кетеді. Көр қазуды Шұбартау ауданынан, үстіне жол түсіп кеткен, кезінде аштық жылдары қырылып, көмілген адамдардың бейітінен бастайды. Сол жерден 70–80 адамның сүйегін табады. Одан соң әйгілі Қоянды жәрмеңкесі болған Қарасор көлін айналдыра қап-қап сүйек жинайды. Бұдан соң экспедиция жұмысын Баянауылдың Қаратас өңірінде жалғастырады. Сонда 300-ден асатын бас сүйек жинаған екен.

Иә, адамның тегіндегі генетикалық деректер оның бір тал шашында, бір тамшы қанында, ал өлгенде оның сүйегінде сақталады екен. Демек, Оразақ Смағұлұлы айтқандай, өз тарихымыз – өз сүйегімізде. Яғни тарихымыз – өзіміздің генімізде, өзіміздің физиологиялық, морфологиялық ерекшелігімізде.

Дегенмен, ол партия қатарында болмағандықтан, ғылым саласында көп қысым көрген адам. Оның 1977 жылы жарыққа шыққан «Қазақстанның этникалық геногеографиясы» атты еңбегі Орталық Комитетке «ұнамай» қалып, өртелген. Өзін түрмеге де қамаймыз деп сес көрсеткен. Осындай сын шақта шетелдік ғалымдар халықаралық радиодан қорғап сөйлеп, құтқарып қалады. Бірақ Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері он бір жыл бойына басқан ізін аңдумен жүреді. Кейін сол еңбегі араға он төрт жыл салып ақталады.

Одан кейінгі екінші қудалауға 1988 жылы Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Г.Колбин тарапынан ұшырайды. Ол Оразақ Смағұлұлының «Қазақстанның этникалық антропологиясы» атты кітабын көпшілік алдында сынап, «ұлтшыл», «расист» етіп көрсетеді. Тіпті, ғалымды далалық аймақта зерттеу жүргізіп жатқан

жерінен қуып шығады. Бұл қуғыннан Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков аман алып қалған екен.

«Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу»

Оразақ Смағұлұлы ғылым жолында қазақ-моңғол, қазақ-италия антропологиялық экспедицияларына қатысқан, үнді-кеңес экспедициясы кезінде әйгілі Индира Гандимен бетпе-бет жүздесіп, қолын алып, еркін сұхбаттасқан жалғыз қазақ. Қазақстан мен Қырғызстанның биік таулы аймақтарына бейімделу мәселелерін аймақтың этноүрдістерімен байланыстыра зерттейтін халықаралық ғылыми жобаға жетекшілік еткен. АҚШ, Италия, Үндістан университеттерінде дәріс оқыған. Қазақстан мен Орта Азия аумағында 40-тан аса далалық экспедиция ұйымдастырып, 200-ден астам ғылыми еңбек жазған.

Оразақ Смағұлұлы Абылай хан бабамызды тұңғыш зерттеген антрополог ретінде де жақсы білеміз. Бір кездері түрік ағайындар Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жаңғырту жұмыстарын жүргізгені белгілі. Сондағы «Абылай хан жерленген-мыс» дейтін қабірді зерттеуге бел буады. Қызы, белгілі антрополог-ғалым Айнагүл Смағұлова және археолог Мұхтар Қожаев үшеуі сүйекті қазып алып, төрт ай бойына зерттейді. Анықталған, қолда бар дәлелдерді зерделей түсу үшін Мәскеуге барып, патша заманындағы мұрағат материалдарымен танысады. Қытай сапарында да біраз тарихи мәлімет жинайды. Ұзақ жылдарға созылған зерттеулердің нәтижесінде, антропологиялық бұлжымайтын сәйкестіктерді басшылыққа ала отырып, мүрденің Абылай ханға тиесілі екенін дәлелдеп шығады. Соның ізімен Оразақ Смағұлұлы, Мұхтар Қожаев және Айнагүл Оразаққызы дайындаған «Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу» атты ғылыми еңбек те оқырмандарына жол тартады.

Ғалым әкенің ғалым қызы – Айнагүл Смағұловамен бірлесіп жазған, бақандай жарты ғасырға созылған зерттеулері «Происхождение казахского народа» деген атпен кітап болып басылып шыққанда да көпшілік елең етті. Бұл кітаптың құндылығына баға жетпейді. Оған қазақ этносының бет-бейнесі, қан жүйесі, тіс морфологиясы, сезімі, май бүрмесі, тері бедерлері мен қаңқа сүйектеріне жарты ғасырдай жүргізілген кешенді, салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелері топтастырылған.

Дүниежүзілік ғылымда мойындалған мұндай өлшеусіз еңбектер бізде некен-саяқ. Мемлекеттік хәм ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған осындай тың туындылар қазақ деген текті халықтың Ұлы дала төсіне тым көне заманнан тамыр жайған ел екенін дәлелдейді. Әрі өскелең ұрпақтың ұлттың рухын көтеріп, жастарды отаншылдыққа баулуға септігін тигізери сөзсіз. Жасай берсін, қазақ ғылымы мен ғалымы!

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Жеңісгүл
ЖАПАРХАНҚЫЗЫ,
психолог:

Қоғамның ең өткір әлеуметтік мәселелерінің бірі – балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық. Бұл қылмыс бір адамның өмірін күйретіп қана қоймай, тұтас қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіреді. Осы ауыр тақырыпты зерттеп, тағдырдың тауқыметін тартқан жандарға психологиялық көмек көрсетіп жүрген мамандардың бірі – азаматтық бастамаларды қолдау орталығы «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының практик-психологы Жеңісгүл ХАБАЕВА. 2018 жылдан бері зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандармен жұмыс істейтін маманмен балаларға қатысты жыныстық зорлықтың салдары, жәбірленушілерге көрсетілетін көмек пен қоғамда алдын алу жолдары жайлы әңгімелескен едік.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Тіпті, анасынан да көмек
сұрай алмайды»

«Зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандар өте көп. Оның себебін бір ғана фактордан іздеу дұрыс емес – бірнеше жағдай қатар әсер етеді. Мысалы, отбасыдағы психологиялық ахуал, әлеуметтік ортадағы түрлі ықпал, заң саласындағы олқылықтар мен материалдық жағдай да себеп болуы мүмкін. Биыл да құрбандар саны көп болды. Басым көпшілігі «ұят» деген желеумен жасырып жүрген», – дейді психолог.

Кейінгі жылдары Қазақстанда балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық көбеймесе, азаймаған. Басым бөлігі жақын адамдар тарапынан жасалады. Өткен жылы «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорына тіркелген 986 өтініштің 273-і – бала кезінде әкесінен, ағасынан, нағашысынан, көршісінен, өгей әкесінен немесе өгей атасынан жәбір көрген жағдайлар. Құрбандардың арасында қыз балалар да, ұл балалар да бар. Ұлдарға көбіне жыныстық сипаттағы әрекеттер жасалған, ал қыздар көбіне сексуалдық, тіпті жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Былтыр ақпанда Ішкі істер министрлігі балаларға қатысты жасалатын әрбір қылмыстың үшіншісі жыныстық қысым екенін мәлімдеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да әлемде әрбір алтыншы бала сексуалды зорлық-зомбылыққа ұшырайтынын айтады. Көп жағдайда зорлық әрекет жасаған адам жәбірленушінің танысы не туысы болған.



«Жәбірленушілердің дені ең жақыны – анасына жағдайды түсіндіріп, көмек сұрай алмайды. Зорлық көрсеткен адам: «Айтсаң, анаңды өлтіремін, сосын өзіңді де өлтіремін» деп қорқытады. Қысым көрген бала тіпті, анасына айта алмай, ішкі күйзеліспен өмір сүреді. Мұндай жандармен жұмыс істеу – өте күрделі үдеріс. Ең алдымен, олардың психологиялық жағдайына баса назар аударамын. Өйткені, олар адамға деген сенімді жоғалтады. Көмек қолын созуға, жан жарасын емдеуге талпынған адамға сенімсіздікпен қарайды», – дейді Жеңісгүл Жапарханқызы.

Психологтың айтуынша, көпшілігі болған жағдай үшін өзін кінәлі сезінеді, балалық шақтағы жарақатымен дер кезінде жұмыс істемегендіктен өз-өзін жазғырады. Жыныстық сауаты жоқ қорғансыз бала ата-анасына түсіндіріп айта алмайды. Қорқыныш пен ұялу да одан сайын терең жарақат қалдырады.

«Тығырықтан шығудың
жолы емес»

«Бізге көмек сұрап келген жандардың бірі бала кезінде көрген зорлық-зомбылықтың салдарымен ересек өмірде күресу тым қиын екенін айтқан еді. Тіпті, өзімнің тәжірибемде екі клиентім сол ауыртпалыққа шыдай алмай өмірден өтіп кетті. Бірақ өз-өзіне қол жұмсау – тығырықтан шығудың жолы емес. Сондықтан зорлық көрген адамға ең алды-

ЖАН ЖАРАСЫ ОҢАЙЛЫҚПЕН
ЖАЗЫЛМАЙДЫ

Балаларға қатысты жасалатын әрбір үшінші қылмыс –
жыныстық зорлық-зомбылық

мен, бұл жағдайға өзінің кінәлі емес екенін, қорқыныш, ұялу деген сезімдерді іште ұстамай, көмекке жүгініп, өз өмірін қорғау керегін айту керек», – дейді.

Кейде зорлық-зомбылықтың түп-тамыры отбасындағы қиындықтардан бастау алады. Ата-анасының ажырасуы, олардың бірінің ішімдікке салынуы, балаға жеткілікті көңіл бөлмеуі – мұның бәрі жасөспірімнің психологиялық әлсіздігін тереңдетеді. Осындай ортада өскен бала көбіне өз жан жарасын жасырып, іштен тынуға мәжбүр болады. Бұл жарақат бір реттік кеңеспен жазылмайды, ұзақ әрі жүйелі терапияны қажет етеді.

Психологтар мұндай жағдайларда тек әңгімелесумен шектелмейді. Арт-терапия, түрлі психологиялық тренингтер, орта жастағы балаларға арналған алғашқы сұхбат сынды әдістер қолданылады. Баланың ішкі сезімін сыртқа шығару үшін сұхбатты дұрыс құру – ең маңызды қадамдардың бірі. Мұнда маман ең әуелі қорқынышты сейілтуге, құпиялылықты қатаң сақтауға, шыдамдылық пен терең эмпатия танытуға мән береді.

«Біз үшін ең басты нәрсе – баланың сенімін қайта қалыптастыру. Ол үшін әр сөзді абайлап айтып, әр әрекетті ойланyp жасау керек. Сонда ғана бала ішкі ойын жасырмай, әңгімесін толық айтып бере бастайды. Психолог, заңгер, тағы да басқа мамандардың жүйелі жұмысының арқасында кей балалар уақыт өте келе өздері айтып, сезімдерін бөлісуге бейімделеді. Осындай ұзақ мерзімді терапия ғана баланы ішкі қорқынышынан арылтып, жарақаттың тереңдеуіне жол бермейді», – дейді маман.

«Бала өтірік айтпайды»

Жеңісгүл Хабаеваның айтуынша, әр ата-ана баласына екі жастан бастап-ақ денесіне ешкімнің қол тигізбеуі тиіс екенін, іш киім ережесін ашық айтуы керек. Қандай жағдай болса да, ата-анасы әрдайым қасында екенін, қолдау көрсететінін бала сезіп өсуі маңызды.

«Бұрын әлеуметтік желілер дамымаған кезде көп адам заң тұрғысынан сауатсыз болды. Полицияға шағымдану жолдарын білмейтін. Қазір жағдай біршама өзгергенімен, ақпаратты үнемі еске салып отыру қажет деп ойлаймын. Біздің орталықта сенім телефондарының нөмірі әлеуметтік желіде, көшеде таратылып, «жедел желі» арқылы тәулік бойы көмек көрсетеміз», – дейді психолог.

Психологтың айтуынша, баланың сөзін

бөлмей, соңына дейін тыңдау керек. «Бала өтірік айтпайды, мұндай жағдайды тіптен ойдан шығаруы мүмкін емес. Кішкентай бала жыныстық қатынас туралы білмейді, егер нақты жағдайды айтып тұрса, оған сену қажет. Өкінішке қарай, көптеген ата-ана сенбей, күмән келтіреді. Бұл – үлкен қателік».

Әңгіме барысында кейіпкеріміз өзіне қатты әсер еткен жағдайды да айтып берді.

«Маған қатты әсер еткен жағдайлардың бірі – өзінің туған әкесінен жыныстық зорлық-зомбылық көрген 11-12 жасар қыздардың тағдыры. Бұл өте ауыр жағдайдан соң анасы да, қызы да үлкен күйзеліске түседі. Қылмыскер өз жазасын алса да, қыз балаға жазылмайтын із қалдырды. Қазір олармен онлайн және офлайн форматта ұзақ мерзімді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Медитация, әңгімелесу, күн тәртібін реттеу, көңілін басқа арнаға бұру сияқты тәсілдермен психологиясын дұрыстауға күш саламыз».

«Неге дәл мен?» – бала
жанарындағы үнсіз айқай

– «Зорлыққа ұшыраған балалардың көзіне қарағанда олардың жан айқайын, «Неге дәл мен?» деген сұрағын сезесің. Сол көзқарастың артында үрей, өзін кінәлау, үлкендерге деген сенімсіздік тұрады. Бұл – сөзбен жеткізуге қиын, бірақ көзқарастан анық байқалатын ауыр жайт. Баланың ішкі күйзелісін дер кезінде түсініп, оны тыңдап, кәсіби көмекке жүгіну өмірін сақтап қалады, – дейді ол.

Осы ретте арнайы құрылған қор – «Human Rights Lawyers» зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар мен олардың отбасына қолдау көрсету үшін волонтерлік негізде тегін психологиялық көмек ұсынып келеді. Қордың мамандары – заңгерлер мен психологтар баланың психологиялық жарақатын жеңілдетуге, ата-аналардың да күйзелістен шығуына көмектеседі.

«Клиенттерімнің арасында кезінде өзі жәбір көріп, оны ешкімге айтпай, кейін баласы да сондай жағдайға тап болған ата-аналар бар. Сондықтан әр адам жан жарасын дер кезінде маманға немесе сенімді адамына айтып, шығара білуі қажет. Көмек сұрағандардың көбі біздің «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының президенті Ләззат Рақышева жүргізетін Instagram парақшасындағы «Ләззатқа келген хаттар» айдары арқылы хабарласады. Біз тәулік бойы көмек көрсетеміз, ай сайын ондаған балаға қолдау білдіреміз», – деді Жеңісгүл Жапарханқызы.

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Әлеуметтік қызметтер орталығы:

ЕРТЕ АРАЛАСУ –
толыққанды бейімделуге
мүмкіндік береді

Шаңырақ – әр адамның тірегі. Президентіміздің отбасын қолдау бағытындағы бастамасы – ел болашағы үшін маңызды стратегиялық қадамдардың бірі. Мемлекет басшысы Жолдауларында балаларды қорғау, отбасыларды қолдау мәселелеріне ерекше назар аударып келеді.



Президенттің бұл бағыттағы саясаты нақты істермен дәлелденіп отыр. Соның жарқын бір мысалы – Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығының ашылуы.

Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған терең әлеуметтік қамқорлықтың көрінісі. Ерте араласу арқылы

балалардың өмір сүру әлеуеті ерте кезеңде анықталып, олардың қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік туады. Осындай бастамалар отбасы институтын нығайтып қана қоймай, ел болашағы – жас ұрпақтың сапалы дамуына негіз қалайды.

Ерте араласу – бұл дамуында бұзылыстар немесе олардың туындау қаупі бар 3 жасқа дейінгі балаларға және олардың отбасына қолдау көрсетуге бағытталған іс-шаралар мен қызметтердің кешені. Ерте араласудың негізгі мақсаты – бұзылыстардың салдарын барынша азайту, баланың әлеуетін толық дамыту және оны қоғамға бейімдеуге оңтайлы жағдай жасау.

– Біз тек балалармен жұмыс істеп қана қоймаймыз, қарапайым күнделікті өмірлік жағдайларда отбасы мүшелерімен бірлесе отырып қарым-қатынас орнатамыз. Ерте араласудың негізгі қағидасы – баласының денсаулығына алаңдайтын отбасын қолдау, ата-аналарды көмек көрсету процесіне белсенді тарту, баланың дамуына жағдай жасауға жәрдемдесу, – дейді Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығының әдіскер маманы З.Жайлауова.

Нұржамал ӘЛІШ.



«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

КӘСІБИ ЕҢБЕК
МӘРТЕБЕСІ

«Мамандықтар атласын» жасау, нарық сұранысына сай мамандар даярлау – басым бағдар

Алматыдағы «ALATAU CREATIVE HAV» орталығында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Мамандық – мәңгілік мұра» тақырыбында кәсіп иелері мен жоғарғы сынып оқушыларының кездесуі өтті.

Нұрлан
СҮЙІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны қарапайым еңбек адамы үшін үлкен мәртебе болды. Бұл – жас буынды адал еңбекке тәрбиелеу мотивациясы. Бастама еңбек адамының абыройын арттыруға, өндірістік мамандықтардың беделін көтеруге бағытталған нақты қадам.

Президентіміз атап өткендей «Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыру – басты міндет». Жаңадан «Мамандықтар атласын» жасау, жұмысшы кадрлардың құқықтарын қорғау, еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлау – осы бағыттағы нақты шаралар.

МӘДЕНИ ЖОБА

ӨНЕР МЕН ДОСТЫҚ
МЕРЕКЕСІ

ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің,
рухани мұрамызды ұлықтаудың
жарқын көрінісіне айналды

Алматыдағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Қала күніне орай екі бірдей тағылымды әрі әсерлі мәдени жоба ұйымдастырылды. Олардың бірі – музыкалық таланттарға арналған ашық алаң «Open stage» жобасы болса, екіншісі – Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен өткен «Бір қала – бір жүрек» атты мерекелік концерт.

«Open stage» жобасы – кәсіби сахнаға алғаш қадам басқан өнерпаздар үшін де, музыкаға жанымен ғашық әуесқойлар үшін де таптырмас мүмкіндікке айналды. Биыл бұл бастама музей сахнасында қатарынан төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Жобаның негізгі мақсаты – халықтық және заманауи музыкалық аспаптарды насихаттай отырып, қала тұрғындары мен қонақтарының музыкалық өнерге деген ықыласын ояту, сондай-ақ кез келген талант иесіне үлкен сахнада өз өнерін паш етуге жол ашу.

Сахна төріне кәсіби музыканттармен қатар, музыкаға хобби ретінде қараса да, жан-тәнімен берілген әуесқой орындаушылар да шығып, өз өнерлерін ортаға салды. Қатысушылар домбыра мен қобыздың күмбірін, жетіген мен сазсырнайдың нәзік үнін көрерменге ерекше орындауда жеткізе алды. Сонымен қатар, фортепиано, скрипка, гитара секілді түрлі музыкалық аспаптарда орындалған әуендер ұлттық пен заманауилықты ұштастырды. Жас ерекшелігіне қарамай, барлық қатысушылар көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, әрқайсысы өз өнерімен жүректерге жол тапты. Іс-шара соңында өнерпаздарға музей атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталып, көрермендер тарапынан жылы лебіздер білдірілді.

Алайда, бұл – мерекелік күннің шарықтау шегі ғана еді. Кешкісін 19.00-шымылдығы түрілген «Бір қала – бір жүрек» концерті Алматының мәдени байлығы мен этностық аралуандығын паш еткен шынайы өнер мерекесіне айналды. Әртүрлі этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары сахна төрінде өнер көрсетіп, қазақтың дәстүрлі ән-күйлерімен қатар өзге ұлт өкілдерінің ұлттық биі мен әуендерін тарту етті. Кештің көркін қыздырған Грузин халқының жалынды биі мен орыс халық аспаптарында орындалған сырлы әуендер көпшіліктің есінде біраз уақытқа дейін сақталатыны сөзсіз. Сондай-ақ, түрік, украин халықтарының ырғақты билері көпшілік көңілінен шығып, көрерменді бір сәтке өзге елдердің мәдени кеңістігіне жетеледі. Олардың өнерін «Парасат» ұлттық-фольклорлық ансамблі жалғастырып, шертер мен жетіген сынды көне аспаптарда орындалған қазақ күйлері арқылы тыңдарманды терең ұлттық рухпен сусындатты.

Бұл іс-шара – түрлі ұлт өкілдерінің өнер арқылы үндесіп, бір шаңырақ астындағы татулық пен достықты дәріптеген шынайы мәдени кешке айналды. Қонақтар ұлттық музыканың әуезіне бөленіп, этностардың мәдени әлеміне жақыннан үңілуге мүмкіндік алды. Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде өткен мереке – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, рухани мұрамызды ұлықтаудың жарқын көрінісіне айналды. Бір жағынан, шығармашылыққа құштар жандарға еркін сахналық мүмкіндік берілсе, екінші жағынан – этномәдени бірлікті, көпұлтты еліміздің татулығын өнер тілімен жеткізудің айқын үлгісі болды. Осы орайда мазмұнды да мағыналы іс-шараларды ұйымдастыру, оның әрбір сәтіне көркемдік реңк беріп, көпшілікке әсерлі түрде ұсыну – музей ұжымының қажырлы еңбегінің жемісі екенін айта кеткен жөн.

Әдемі ЕРІҚҚЫЗЫ,
Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің
экскурсия жетекшісі.

КЕҢЕС

САПАҒА КЕПІЛДІК

Мегаполисте ЖИ технологиялары аясында
бірыңғай PACS–жүйесі енгізіледі

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимовтың жетекшілігімен жұмыс кеңесі өтті. Онда «Damumed» медициналық ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі, «Almaty digital Medical center» жобасы шеңберінде цифрлық сервистерді дамыту және сәулелік диагностика қызметінің жай-күйі талқыланды.

Алқалы жиында Денсаулық қорғау сәйкес пациенттердің жеке деректеріне дұрыс қол жеткізуге назар аударылды. ЖИТС орталығы мен онкологиялық қызметтің сұраныстары, сондай-ақ скринингтік бағдарламалардың жас шеңберіне өзгерістер енгізу қажеттілігі (колоректалды қатерлі ісік – 76 жасқа дейін, жатыр мойны обыры – 74 жасқа дейін) қозғалды. Сонымен қатар, бағдарламаны жетілдіру бойынша көптеген ұсыныс ауысша және жазбаша түрде ұсынылды. М.Пашимовтың айтуынша, бұл мәселелер медициналық персоналдың жұмысын жеңілдету және пациенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру үшін жүйелі түрде шешілуі керек.

«Almaty Digital medical Center» басшысы Евгений Щербов жеке медициналық ұйымдардағы денсаулықтың негізгі индикаторларына қол жеткізу динамикасы әлсіздеу екені, ал мемлекеттік ұйымдар жоғары нәтижелер көрсетіп отырғанын атап өтті. Ал Алматы ҚДСБ сәулелік диагностика жөніндегі бас штаттан тыс маманы Динара Байгусисова жарақ-

тандыру мен кадрлық әлеуетке талдау жасады. Бүгінгі күні 23 емханада және бірқатар стационарда, соның ішінде перзентханаларда мониторинг жүргізілді. Жалпы, жабдықпен қамтамасыз ету қанағаттанарлық, алайда түйінді мәселелер де жоқ еместігі айтылды. Мәселен, мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін жеке ұйымдарда дайындалған КТ-зертханашылардың жетіспеушілігі және PACS-жүйелерінің болмауы тілге тиек болды.

Жиында Марат Пашимов келесі жылы Алматыда жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, бірыңғай PACS-жүйесі енгізілетінін атап өтті. Бұл диагностиканың сапасын арттыруға және зерттеулерді сипаттау мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Кеңес соңында «Damumed» бойынша мәселелерді жүйелеу, денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштерін жандандыру және сәулелік диагностика қызметі үшін кадрлық шешімдерді пысықтау туралы тапсырмалар берілді.

Нұржамал ӘЛІШ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

«Мемлекеттік бақылау саласындағы
жаңалықтар туралы»

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Мемлекеттік бақылау нысаны профилактикалық бақылау, тексеру және тергеп-тексеру түрінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарының сәйкестігіне жүргізілетін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер алынып тасталды, ал субъектіге (объектіге) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау осыдан бұрын сол субъектіге бармай жасалған жағдайда жүргізілетін болады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындаудың негіздері 13-тен 8-ге дейін қысқарды (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өтініштері, прокурордың тапсырмалары, қайта тексеру, қылмыстық іс жүргізу және салық заңнамаларының негіздері жатады).

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі. Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде (ТСОБТ АЖ) цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

01.01.2025 – 17.09.2025 жыл аралығында Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бизнеске қатысты 92-ге жуық заңсыз тексерулердің жолын кесті. Жол берілген бұзушылықтар үшін мемлекеттік органдардың 12-ден астам лауазымды тұлғалары жауапкершілікке тартылды.

Бизнес субъектілерін қызықтыратын мәселелер бойынша және тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттері бойынша Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон – 115), Комитеттің сайтында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша Комитетке және оның аумақтық органдарына тікелей жүгіне алады (байланыс, аймақтық органдар).

Сонымен қатар, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталында немесе «Qamqor» мобильді қосымшасы арқылы тексерістің тіркелуін көре алады («App Store» және «Google Play» дүкендерінде жүктеуге болады).

«Qamqor» қосымшасы арқылы кәсіпкерлер алдағы тексерулер туралы хабарламаларды алуға, онлайн-режимде шағым беруіне мүмкіндігі бар. Осындай мәліметтер болмаған жағдайда, кәсіпкердің тексерушілерге тексеру жүргізуге жол бермеу құқығы бар.

Тамерлан Талғатұлы НАРЕИМОВ,
ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім прокуроры.
#ЗаңменТәртіп

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басшылығы, ұжымы және Кәсіподағы «Мемсараптама» РМҚ Алматы қаласындағы филиалы директорларының орынбасары Құсайынов Олжас Сейжанұлына әкесі

Сейтжан Жұмаханұлы ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРҚала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШШаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.comЖарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25Шығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАНГазет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
борттында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ТӨРТТІ ЕГІЗ

мерзімді әскери қызметін өтеп жүр

ҚР ИІМ Ұлттық ұланының Алматы қаласында орналасқан 5571 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметін өтеп жүрген төрт егіз сарбаз бар. Бұл – Ұлттық ұлан тарихында алғаш рет кездесіп отырған оқиға.

сыл ҮЙСІНБАЙЛАР толықтырды. Екі Ерасыл мен екі Нұрасылдың бір бөлімде қатар қызмет етуі әскерилердің өзі үшін тосын жағдай болды. Командирлер олардың түрін ажыратуда кейде қиналатынын жасырмайды. Алайда, сарбаздар мұны әзілмен қабылдайды. Бүгінде қос Нұрасыл мен қос Ерасыл мегаполистің қоғамдық тәртібін сақтау бойынша патрульдік қызмет атқарып жүр.

Шымкенттен шақырылған Ердаулет пен Бақдаулет ТӨЛЕНОВТЕР де әскери ұжымда ерекше ықыласқа ие. Оларды да жиі шатастырып, тіпті казармада сарбаздар «Бізде екі жауынгер емес, біреуінің қос көшірмесі бар» деп әзілдейді. Бірде командир Ердаулетке тапсырма беріп, оның орындалу есебін Бақдаулеттен қабылдағанын байқамай қалған. Алайда, егіздің айтуынша, бірге қызмет ету жеңіл, себебі олар бір-бірін сөзсіз түсінеді.



Ердаулет пен Бақдаулет
ТӨЛЕНОВТЕР

Ерекше төрттікті түйіндейтін соңғы жұп – Жезқазғаннан келген Салман мен Магомед Урузбиевтер. Олардың әскерге бірге келуі бауырмалдықтың жарқын үлгісіне айналды. Магомедтің әскерге шақырылғанын білген Салман да бауырының қасында болуды жөн көріп, қатар қызмет етуге бел буған. Қазір олар бір сапта жүріп, жауынгерлік міндеттерін атқарып келеді.

Егер сіз Алматы көшелерінде бір-біріне қатты ұқсайтын егіздерден құралған әскери жасақты кездестірсеңіз, таңқалмаңыз – олар осы оқиғаның кейіпкерлері болуы мүмкін.



Нұржамал
ӘЛІШ

Әскери бөлімдегі ең бірінші егіздер легін Түркістан облысынан келген Нұрасыл мен Ерасыл ЖАМАЛХАНДАР бастады. Көп ұзамай олардың қатарын Ерасыл мен Нұрасыл



Ерасыл мен Нұрасыл
ЖАМАЛХАНДАР



Ерасыл мен Нұрасыл
ҮЙСІНБАЙЛАР



Салман мен Магомед
УРУЗБИЕВТЕР

КИНОКЕҢІСТІК

ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН ШАРШАҒАН БАЛА

«Жабайы» фильмі – достық пен жанашырлық туралы хикая

Алматыда «Жабайы» атты жаңа қазақстандық көркем фильмнің жабық көрсетілімі өтті. Туынды жалғыздықтан шаршаған бала мен үйсіз иттің арасындағы шынайы достық пен өзара қолдауға толы жүрек тебірен-терлік оқиғаға негізделген.



Дана
САДЫРҚАН

Бүгінде балаларға арналған фильмдердің ішінде әлеуметтік мәселелерді қозғайтын, тәрбиелік мәні зор шығармалар сирек кездеседі. Солардың бірі – «Жабайы» атты жаңа қазақстандық көркем фильм.

Фильмнің басты кейіпкері – Қазбек есімді қарапайым ауыл баласы. Ата-анасының қамқорлығы мен қолдауына зәру, шер тарқатар досы жоқ балақайдың өмірі күрделене түседі. Қазбектің жан-дүниесі жалғыздықтан қажып, шынайы достыққа мұқтаж болып жүрген кезде көшеде қаңғырып жүрген иесіз итпен танысады. Бала оған Жабайы деп ат қойып, өз қамқорлығына алады.

Жабайы Қазбектің өміріне шуақ пен қуаныш сыйлайды. Иттің арқасында Қазбек ауладағы басқа балалармен де достасып, өзіне сенімді бола бастайды. Алайда, қыңыр көрші, қатыгез жануар аулаушылар мен пайда табуды ғана көздейтін блогер қыз олардың достығына кедергі болғысы



келеді. Бұл кедергілерге қарамастан, балалар Жабайыны қорғап қалуға тырысады.

Фильм тек бала мен иттің достығы туралы ғана емес. Бұл – жанашырлық, әлеуметтік жауапкершілік және үйсіз жануарлардың тағдырына немқұрайлы қарамау туралы хикая. Жабайы арқылы режиссер қоғамдағы өзекті тақырыптардың біріне – қаңғыбас иттер мәселесіне назар аударады.

Туындыда жануарларға әртүрлі көзқарастағы адамдар бейнеленген: біреулер олардан қорқады, біреулер мейіріммен

қарайды, ал енді біреулер оларды тек ақша көзі ретінде көреді. Бұл әртүрлілік көрерменге ой салып, дұрыс шешім қабылдауға итермелейді.

– Үйсіз жануарларға деген қамқорлық – қазіргі қоғам үшін аса маңызды мәселе. Бұл – гуманитарлық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын кең ауқымды тақырып. Мұндай қамқорлық тек жануарлар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін пайдалы. Фильм жануарларды асырамақтамайды, керісінше, түрлі көзқарасты көрсете отырып, жануарлар құқығын

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рамазан МАКАБАТҰЛЫ,
актер:

**Жасөспірімдердің
сүйікті фильміне
айналары анық**

«Жабайыдағы» рөлім еш қиын болмады, бірақ мен шынайы өмірде көңілді жүретіндіктен, рөлім сәл тұйықтау адамның образына сәйкес келді. Комедиялық фильм болғандықтан, эмоцияларды әсірелеуге тырыстық, бәрі ойдағыдай шықты. Бұл фильм жасөспірімдердің ең сүйікті туындыларының біріне айналатынына сенімдімін.

қорғау мен әлеуметтік жауапкершіліктің маңызын алға тартады. Балалар өз рөлін тиісінше жақсы ойнап шықты, – деді фильмнің қоюшы-режиссері Дамир Әбілханов.

«Жабайы» фильмі – көрерменді бейжай қалдырмайтын, өмірлік маңызы бар мәселелерді қозғайтын туынды. Ол достықтың шынайы мәнін, жануарларға деген мейірімділік пен қамқорлықтың қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Балалар мен ересектерге бірдей әсер ететін бұл фильмді көруге кеңес береміз.